

**ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ КІМГЕ БЕРІЛЕДІ?**

4-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



**БАҒА ТАҒЫ ӨСЕ МЕ?**

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛІМІЗДЕ ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ. МЕН БҰЛ ТУРАЛЫ ҮНЕМІ АЙТЫП ЖҮРМІН. ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ БОЛМАСА, ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТА БОЛМАЙДЫ. АЛ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ ЕШҚАНДАЙ ДАМУ ДА БОЛМАЙДЫ. СОНДЫҚТАН АЗАМАТТАРЫМЫЗ ЗАҢҒА БАҒЫНУЫ КЕРЕК, АЛ ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАР ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ТИІС. ҚОҒАМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН САҚТАУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ.

№46
(4479)
Бейсенбі
20 сәуір
2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ



# РЕФОРМАЛАР МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСАРТУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті. Президент елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашқанын және экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалағанын атап айтты.

2-3



Қазір елімізде жалпыға бірдей декларацияның екінші кезеңі өтіп жатыр. Сол бойынша 1 млн 700 мыңға жуық адам декларация тапсыруы қажет.

Бүгінге дейін елде халықтың 65 пайызы табысын көрсеткен. Қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері жеке табыс салығы мен мүлкі бойынша есеп беріп жатыр. Декларациялау 2021 жылы енгізілді. Азаматтар жылдық табысын, барлық кірісін ашық көрсетуге міндетті. Келер жылы жеке кәсіпкерлер, 2025 жылы өзге санаттағы азаматтар декларация тапсыратын болады.

## ЕРІКТІЛЕР ҚАР КҮРЕДІ

Елорданың белсенді тұрғындары аулаларды қардан тазалауды бастады.

– Іс-шараға Астананың жастары, әншілер, спортшылар қолдау көрсетіп, белсенділік танытты. Олар ардагерлер үйіне барып, есік алдының қарын күреп, сыртқа шығарды, – деді Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров.

Астанада демалыс күндері жауған қардың мөлшері айлық нормадан асып түсті. «Қазгидромет» РМК деректері бойынша ай сайынғы норма 22 см болған жағдайда, Астанада тек соңғы үш күнде 37,6 см қар жауды.

– Бүгін челлендж бастап, қарттарымызға көмек қолын созуды жөн көрдік. Сол себепті, достар, осы бастамамызға міндетті түрде қолдау көрсетсеңіздер деймін. Сөзбен емес, іспен көмек көрсетейік, – деді «Street Workout Kazakhstan» қозғалысының негізін қалаушы Айтым Жақыпов.

Қала тұрғындарын қар тазалау жұмысына атсалысуға спортшылар да шақырды.

Астанада коммуналдық қызметтер толықтай күшейтілген жұмыс режиміне ауысты. Қар күреу жұмысына күн сайын 2,2 мыңнан астам жол жұмысшы, мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды.



**Астана қаласында Ораза айт намазы 21 сәуір күні таңғы сағат 7:00-де оқылады**



## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# РЕФОРМАЛАР МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСАРТУ

Кеңейтілген кеңеске Премьер-Министр, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстар мен аудандардың әкімдері, парламенттік фракциялардың жетекшілері, сондай-ақ Парламент палаталары, облыстық және аудандық мәслихаттар комитеттерінің төрағалары қатысты.

Кеңес барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нүркен Қобжанов, Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы Гүлнар Тойлыбаева сөз сөйледі.

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕСТЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ**

– Жуырда Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Үкімет қайта жасақталды. Осылайша, ауқымды саяси өзгерістің алғашқы кезеңі аяқталды деуге болады. Біз билік тармақтарының тепе-теңдігін орнықтырдық. Енді еліміздегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құруымыз керек. Жұртшылық бұл реформаларға зор үміт артып отыр. Сондықтан біз нақты іс-шараларға баса мән беруге тиіспіз. Мен Парламент сессиясының ашылуында заңнамалық тұрғыдан шешілуге тиіс бірқатар мәселені атап өттім, – деді Мемлекет басшысы.

– Ал бүгін әлеуметтік-экономикалық саладағы мақсат-міндеттерді айқындап алуымыз керек. Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер соған сүйеніп жұмыс істейтін болады. Осы басқосуға мәслихаттардың өкілдері қатысып отыр. Бұл да – нақты саяси өзгерістердің нышаны. Атқарушы және өкілді билік арасында тиімді қарым-қатынас орнату өте маңызды. Қажет болса, олар бірін-бірі толықтырып, қолдап отыруы керек. Мұның бәрі мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ел мүддесін ескере отырып шешім қабылдауға жол ашады.

Реформалардың нәтижесінде елімізде көп нәрсе өзгерді. Мысалы, алғаш рет Премьер-Министрдің кандидатурасын сайлауда жеңіске жеткен партия ұсынды. Мұны саяси жаңғырудың тағы бір маңызды қадамы деуге болады.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» концепциясы нақты жұмыс істей бастады. Саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашып берді. Сонымен бірге экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалады.

Әркім мына мәселені айқын түсінуі керек. Қазақстан – осы геосаяси аймақта ауқымды, демократияны арқау еткен реформалар жолына түскен бірден-бір мемлекет. Сондықтан бізге оңай болмайды. Бірақ бұл жолды қалайда жүріп өтуге тиіспіз. Енді жұмысқа жұмыла кірісеміз.

Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгіні мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет.

Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуына барлық мүмкіндік жасалуға тиіс. Мұның бәрін мықты нарықтық экономика болса ғана табысты жүзеге асыра аламыз.

Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геоэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы әртараптандыру – уақыт талабы әрі стратегиялық міндет. Біз бұл туралы үнемі айтып жүрміз. Бірақ ісімізден сөзіміз көп болып тұр. Дереу іске көшпесек, әлемдік бәсекеде озық бола алмаймыз, яғни әлем экономикасында көш соңында қалуымызға тура келеді. Жаңа ғана еліміздің даму барысы туралы Үкіметтің есебін тыңдадық.

Сондықтан нарыққа қатысушылардың бәрі батыл әрі шұғыл шаралар қабылдауға тиіс. Мемлекеттің қолдауына ие болып отырған ірі бизнес өкілдері айрықша рөл атқарады. «Табысты осы жерден тауып, шетелде шашу» әдетінен арылу керек. Есесіне елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге көбірек үлес қосуға ұмтылған жөн. Ірі кәсіпкерлер Қазақстанда тапқан табысын басқа жақта емес, өз еліміздегі бизнесін дамытуға жұмсағаны абзал. Жұмысын осы талапқа бейімдей алған ірі кәсіпкерлер нағыз ұлттық бизнес-элитаға айналады. Халықтың құрметіне бөленіп, мемлекеттің қорғауы мен қолдауына ие болады. Сонымен қатар бізге «кәсіпкерлердің жаңа толқыны» керек. Мемлекеттің ресурсына арқа сүйемей, бойындағы дарыны мен іскерлігі арқылы тұрақты әрі мықты кәсіп құра білген «тың күштер» қажет.

Негізі, әр аймақта сондай кәсіпкерлер бар. Міне, осы азаматтар нағыз қолдауға лайық.

**БІРІНШІ.** Біз соңғы 15 жылда азық-түлік бағасының бұрын-соңды болмаған өсуін байқадық. Ағымдағы жылдың ақпан айында инфляция 21,3 пайызды құрап, өзінің шарықтау шегіне жетті.

Жұрттың ай сайын жұмсайтын қаржысының тең жартысынан көбі азық-түлік алуға кетеді. Үкіметтің әрекеті жеткіліксіз болып отыр. Тыйым салу және шектеу шаралары уақытша ғана әсер етеді. Мұндай қадамдар қиындықтың бетін қайтарса да, одан біржола құтылуға мүмкіндік бермейді, тіпті, мәселені ушықтырады деуге болады. Ауыл шаруашылығы және өндіріс саласының дамуында нақты нәтиже жоқ. Азық-түлік инфляциясының басты себебі де – осында. Елімізде өндірілетін тауардың көлемі ішкі сұранысты қамтамасыз етуге жетпейді. Импортқа тәуелдіміз.

Нарықты отандық өнімдермен молықтыру, өндіріс факторларын арзандату мәселесіне ұрандар мен уәделерсіз жан-жақты, ойластырылған түрде қарау керек. Өндірістен сатылымға дейін бүкіл тізбекті аралап, бағаның өсуіне не әкелетінін түсіну керек. Агроөнеркәсіптік кешенді басқарудың қолданыстағы моделі саланың әлеуетін ашпайды. Үкіметтің алдында агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты өсуін қамтамасыз ету міндеті тұр. Өндірілетін отандық өнім көлемінің ұлғаюынан басқа бағаның күрт өсуімен күресу үшін тұрақтандыру қорларын дұрыс пайдалану маңызды.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бөлінетін бюджет қаражаты тиімді жұмсалуға тиіс. Мұны мұқият қадағалау қажет. 2019-2021 жылдары өнім өңдеуге берілген субсидияны алайық. Бұл қаражаттың тең жартысы субсидия алам деушілердің 10 пайызының ғана қолына тиген. Субсидия алған кейбір пысықайлар өндірісті өркендетудің орнына бюджет қаржысын қалтасына басып, шалқып өмір сүрген. Ал қарапайым шаруалар үшін субсидия алу – қияметтің қиыны. Оның үстіне, субсидия беру жүйесі өте күрделі және қажетті мәлімет көпшілікке қолжетімді емес. Субсидия бөлуді реттейтін жаңа цифрлық жүйе бұл түйткілді шеше алмай тұр. Әрине, біршама жұмыс атқарылды. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұл бағыттағы жұмысты аяғына дейін жеткізу керек.

Бұл – мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі үшін зор мүмкіндік. Жақында Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғаринге бұл мәселе бойынша тиісті тапсырмамды бердім. Агроөнеркәсіп кешеніне қатысты мәселенің бәрі басқа салаларға да қатысты екенін ұмытпаған жөн. Тағы да қайталап айтамын. Жоғары өнім алуды қамтамасыз ету керек. Ашық бәсекелестік болуға тиіс. Бір сөзбен айтқанда, осы саладағы басты түйткілдерді дереу шешу керек. Сонда ғана бағаның күрт өсімін тежеуге мүмкіндік туады.

**ЕКІНШІ.** Инфляция өскен сайын халықтың нақты табысы құнсызданып жатыр. Жұрттың табысын әлеуметтік саланың шығысы есебінен арттырудың да шегі бар. Біз осы шекке жеткен сияқтымыз. Бұған қоса тұтыну несиелерінің көлемі артып барады. Бұл әрекет – инфляция кезінде жан бағудың амалы. Бірақ мұндай ахуалдың әлеуметтік және саяси салдары өте ауыр болуы мүмкін. Тіпті банктердің өзіне қауіп төндіруі ықтимал. Несиені, ең алдымен, пайда әкелетін бизнеске, яғни тиімді жобаларға беру керек. Сонда жалақысы жоғары жұмыс орындары пайда болады. Жұрттың кәсіпкерлікпен айналысуға ынтасы артады. Бір сөзбен айтсақ, азаматтардың табысын көбейтуге мүмкіндік туады.

**ҮШІНШІ.** Макроэкономикалық саясатты өте байыпты жүргізу керек. Бюджет тапшылығын, мемлекет қарызын, Ұлттық қордан аударылатын трансфертті және басқа да макрокөрсеткіштерді реттеу қажет. Иә, экономикамыз өсіп жатыр. Бірақ салық түсімдерінің ішкі жалпы өнімге қатысты өсу қарқыны – тұрақсыз. Кейбір мамандар «Салық жеңілдіктері өте көп болған соң, түсім азайып жатыр» дейді. Бұдан басқа да себептер айтылады. Жалпы, соңғы бес жылда бюджетке 30 триллион теңге кем түскен. Әрине, бұл цифрдың дұрыс-бұрыстығын тексеру қажет. Талай жылдан бері жалғасып келе жатқан осы мәселені түпкілікті шешетін уақыт жетті.

Қазір жаңа Бюджет кодексі дайындалып жатыр. Осы ретте бюджет ережелеріне және оны мүлтіксіз сақтау қажеттігіне назар аударғым келеді. Мұндағы ең басты қағида – көрпеге қарай көсілу. Ұлттық қорға жармаса беруді доғару қажет. Мен бұл туралы осыған дейін де талай рет айттым.

**ТӨРТІНШІ.** Экономиканы монополиядан арылту – маңызды міндет. Бұл бағытта нақты жұмыс басталды. Нәтижесі қазірдің өзінде жаман емес. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды. Елімізде мекемеаралық комиссиялар құрылды. Олардың алдына нақты міндеттер қойылды. Осыған орай заңсыз шығарылған активтерді қайтару, әділеттілікті қалпына келтіру, адал бәсекелестікке жағдай жасау керек. Мұның бәрі – уақытша міндет емес. Керісінше, бұлар – жаңа экономикалық саясаттың басты қағидаттары.

Тауар нарығының монополиялық құрылымы әлі де өзгере қойған жоқ. Оның үстіне бизнес, әсіресе, орта бизнес қарқынды дамымай отыр. Сондықтан тың шараларды қолға алу қажет. Үкімет осыған қатысты нақты ұсыныстар беріп, бір шешім қабылдауға тиіс.

Келесі. «Стратегиялық нысандар» ұғымын айқындау тәсілін қайта қарау қажет. Бәлкім, аймақтық маңызы бар стратегиялық нысан ұғымын енгізу керек шығар. Бұл – әлемдік тәжірибе. Бәрін ойланбай өзгерте беру экономикалық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін. Қазіргі геосаяси жағдайда бұл мәселенің өзектілігі тіпті арта түсті. Қазақстан салмақты және дербес экономикалық саясат жүргізуі керек. Қоғамдық ресурстар қолжетімді болуы үшін ашық аукцион қағидаттарын басшылыққа алу қажет. Бизнес өкілдері барлық міндеттемелерін адал орындау үшін тиімді бақылау жүйесін орнату керек. Монополистерге қарсы қозғалған істер бойынша сапалы жұмыс атқарылуға тиіс. Ол үшін қазылардың білікті болуы аса маңызды.

Қазір заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару жұмысы жандана түсті. Қайтарылған активтер мен мүліктер қолды болып кетпеуі керек. Барлық қаражат толығымен экономиканы дамытуға жұмсалуы қажет. Осы орайда қаржыны қайтарып, елімізді өркендетуге атсалысқысы келетін азаматтарға мынаны айтқым келеді. Жаңа индустриялық жобаларға қаржы салыңыздар. Қазақстанда жаңа өндірістер ашып, жаңа жұмыс орындарын құрыңыздар. Сонда мұндай активтерге және оның иелеріне қатысты ешқандай мәселе туындамайды. Тағы да қайталап айтамын. Біз адал әрі ашық жұмыс істейтін бизнес өкілдеріне барлық жағдайды жасаймыз.

**БЕСІНШІ.** Инфрақұрылымды, бірінші кезекте коммуналдық инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты түбегейлі қайта құру қажет. Осы қыста жылумен қамтамасыз ету бойынша қанағаттанарлықсыз, іс жүзінде құрдымға кеткен жұмыс азаматтардың наразылығын туғызды. ЖЭО-ның жартысынан көбі қауіпті жағдайда, кейбір қалаларда олардың тозу деңгейі 80%-дан асты. Елдегі жылу желілерінің орташа тозуы шамамен 54% құрады. Ал орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілген 80 қалада бұл көрсеткіш 75-тен 92%-ға дейін.

Коммуналдық саланы жаңғырту мақсатында мен «Инвестицияның орнына тариф» атты жаңа тарифтік саясатқа көшуді қамтамасыз етуді тапсырдым. Қазіргі жағдайда Үкімет жылдар бойы түйіні тарқатылмаған мәселелерді шешуге мәжбүр болады, бірақ басқа жол жоқ. Біз бұл аймақта жалғыз емеспіз, басқалардың жанармай бағасы біздікінен жоғары. Біздің айналамыздағы кейбір елдерде жанармай бағасы біздікінен екі есе дерлік жоғары. Демек, мемлекеттің барлық субсидиясы басқа елдердің экономикасына кетеді. Біз тарифтерді біртіндеп көтеріп, оларды нарыққа жақындатамыз немесе барлық қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылымнан айырыламыз.

Тағы бір мәселені арнайы ескерткім келеді. Тарифті өсіруден түскен қосымша қаржы тек қана коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға жұмсалуы керек. Сондай-ақ жаңа қуат көздерін іске қосуға және жұмысшылардың жалақысын көтеруге бағытталуы қажет. Монополистердің міндеттері мұқият нақтыланып, толығымен орындалуға тиіс. Сондықтан Үкіметке қаржының жұмсалуын бақылайтын қатаң амал-тәсілдер енгізуді тапсырамын. Оған цифрлық бақылау жүйесін де енгізу керек. Жұрт коммуналдық қызмет үшін төлеген ақшасы қайда кетіп жатқанын көріп отыруға тиіс. Қазіргі заманғы ақпараттық технология бұған толық мүмкіндік береді.

Жанар-жағармайдың бағасын көтеру мәселесіне де дәл осылай қараған жөн. Түскен қаржыны делдалдар, яғни алыпсатарлар иемденіп кетпеуі қажет. Оны жаңа мұнай-газ жобаларын жүзеге асыруға және мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға жұмсау керек.

«Судың да сұрауы бар». Оны неғұрлым көп тұтынсаң, соғұрлым көп ақша төлейсің. Бұл – жұртты үнемшіл болуға үйрететін әділетті және қарапайым ұстаным. Дамыған елдердің тұрғындары әр нәрсенің қадірін біледі. Үнемшілдік олардың өмір салтына айналған. Тіпті су мен жылуды ысырап етпеуді балаларға жастайынан үйретеді. Біздің азаматтарымыз да осындай үнемшіл болуы керек. Әсіресе, суды үнемдеп тұтынуымыз керек. Мен су тапшылығының артып

жатқанын ұдайы айтып жүрмін. Сарапшылардың пайымдауынша, 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін.

Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауызсуға зәру. Бұл – ауылдағы ағайын ғана емес, қала халқы үшін де өте өзекті мәселе. Ірі шаһарлардың инфрақұрылымы жылдан-жылға артып келе жатқан сұранысқа жауап бере алмай отыр. Тіпті Астананың өзінде су тапшылығы қатты сезіле бастады. Басты себептің бірі – құрылыстың көбеюі. Үнемшіл болмасақ, таза су беретін жаңа нысандарды іске қосқанмен, тапшылықты жоя алмаймыз.

Қазір 500-ден астам гидротехникалық нысан әбден тозып тұр. Тіпті оның 200-інде төтенше жағдай туындау қаупі бар. Кезінде кейбір су қоймалары бұзылып, қайғылы оқиға болғанын білесіздер. Осындай жәйттің алдын алу үшін гидроқұрылымдар жан-жақты тексерілуге тиіс.

**АЛТЫНШЫ.** Ұлттың дені сау және сауатты болуы – өте маңызды мәселе. Осыны ескермесек, экономиканы реформалау бос әурешілік болады. Бұл – мемлекеттің міндеті. Ең алдымен, адамдарға сапалы медицина қолжетімді болуы қажет. Денсаулық сақтау жүйесінде шешімін таппаған мәселе өте көп. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі осы саланы дамытуға тың серпін береді деп үміттенеміз. Алайда бұл жүйедегі қаржы айналымына бақылау жасалмайды.

Қазіргі заманда дамудың басты кілті – білім. Біз заман талабына барынша бейім, сондай-ақ жарқын болашақты өз қолымен қалайтын жасампаз ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. PISA халықаралық зерттеуіне қарасақ, еліміз соңғы 10 жылда орта білім сапасы бойынша 80 елдің ішінде елуінші-алпысыншы орыннан көтерілген жоқ. Демек, жағдайымыз мәз емес.

Басты түйткілдің бірі – балалардың білімін біржақты бағалау. Елімізде білімнің сапасына емес, көрсеткіштің жоғары болуына баса мән беріледі. Оқушылардың бірыңғай ұлттық тестілеуден алған бағасы мен мектептегі бағасы екі түрлі. Айырмашылық 30 пайыз немесе одан да көп болуы мүмкін. Сондай-ақ осындай алшақтық халықаралық және ұлттық бағалау кезінде байқалады. Ашығын айтсақ, мұның бәрі жаппай белең алған көзбояушылықтың кесірінен болып отыр. Өзіңді өзің алдау жарға жығады.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы әлсіз. Жауапты мекемелер мен құқық қорғау органдарының қызметі ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарауымыз керек. Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау шараларын заңмен күшейту керек. Отбасы құндылықтарын дәріптеу ісіне ерекше көңіл бөлген жөн. Тағы да ескертемін, біз қоғамдағы, көшедегі, тіпті әр үйдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етпесек, дамыған елдердің қатарына қосылуымыз қиын болады. Азаматтарымыз еркін жүріп-тұратын қауіпсіз қоғам құруымыз қажет.

Қазір еңбек нарығында жастардың үлесі артып келеді. Үкіметке және әкімдерге 2030 жылға қарай 3 миллион 300 мың адамды жұмысқа тұрғызу туралы тапсырма берілді. Оның 2,2 миллионы жастар болуға тиіс. Жаңа жұмыс орындары уақытша емес, тұрақты болғаны жөн. Елімізде аймақтардың жұмыспен қамту карталары бекітілген. Соған сәйкес жыл сайын шамамен 950 мың адамға жұмыс тауып беру көзделген. Ол үшін бюджеттен 130 миллиард теңге бөлінді. Осы қаржының арқасында, яғни субсидия арқылы 150 мың адам жұмысқа орналасады. Оның бәрі – жастар және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтар.

**ЖЕТІНШІ.** Ауылдық өңірлердегі тұрмыс деңгейі мен табысты арттыру мәселесін ерекше бақылауда ұстау қажет. Үкімет ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірледі. Әкімдер оны тиімді жүзеге асыру үшін шаралар қабылдауы тиіс. Аудан, моноқалалар және қалалар деңгейінде «өсу нүктесін» және инвестициялық қолайлы ахуалды жасау үшін олардың бәсекелестікке лайықты артықшылықтарын анықтап, салалық басымдықтарын таңдау керек. Ауылдықтардың табысын арттыру үшін кейбір өңірлердің табысты тәжірибесі есебімен ауыл шаруашылығы кооперациясына жағдай жасалу қажет. Ең бір шалғай ауылдық округтерге дейін шағын несиелеу және жеке қосалқы шаруашылықты кепілдендіру, сервистік-тұрмыстық кооперативтерді ынталандыру сынды мемлекеттік қолдау тетіктері туралы ақпараттарды жеткізу керек.

Әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және жолдарды жөндеу арқылы ауылдың тұрмыс сапасын жақсарту – әкімдердің басты міндеті. Ауыл тұрғындары таза сумен және тұрақты электр қуатымен толық қамтамасыз етілуге тиіс. Сондай-ақ мобильді байланыс және интернет қолжетімді болуы керек. Елге қаптаған статистика емес, нақты нәтиже, жылдам интернет, сапалы байланыс керек.

**СЕГІЗІНШІ.** Мемлекеттік басқаруды түбегейлі жетілдірмейінше, жоғарыда аталған барлық мәселелерді тиімді шешу мүмкін емес. Қазіргі таңда мемлекеттік органдардың өкілеттігін кезең-кезеңімен орталықсыздандыру жұмысы басталды. Үкіметтің 500-ге жуық қызметі министрліктерге берілді. Біз қызметтерді министрліктерден әкімдіктерге беруді көздейтін әкімшілік реформаның екінші кезеңіне кірістік. Шешімдер жергілікті жерлерде, адамдарға жақын және олардың сұранысына қарай қабылдануы керек.

Алайда орталықсыздандыру әкімдіктерге жауапкершілік арта салумен ғана шектелмеуі керек. Қызметтерді жергілікті билікке бір мезгілде, керекті кадрлар және қаржылық ресурстар бөлу арқылы берген дұрыс болады. Өкілеттіктерін кеңейте отырып, саяси қызметшілердің жетекшілік ететін салаларды дамытуға және олар қабылдайтын шешімдерге дербес жауапкершілігін пропорционалды түрде арттыру қажет.

Бұл – Парламент пен Үкіметтің өзара бірлескен жұмысына да қатысты мәселе. Парламент депутаттарының ой-пікірі атқарушы билікті беталды сынның астына алуды ғана көздемеуге тиіс. Үкіметтің де, Парламенттің де мақсаты – бір. Бұл – халықтың қамы және елдің мүддесі.

Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда бізге, ең алдымен, мызғымас бірлік қажет. Сондықтан азаматтарымыз Парламенттің жаңа құрамына ерекше үміт артып отыр. Ал Үкімет Парламентке өз жұмысы жөнінде есеп береді. Жергілікті депутаттар аймақтағы тексеру комиссияларымен тығыз қарым-қатынас орнатуы керек. Бұл комиссиялардың рөлі едәуір артып, жауапкершілігі күшейтіледі. Алдағы екі жылда пилоттық жоба ретінде аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Осы орайда қажетті нормативтік базаны және жол картасын әзірлеу қажет. Үкімет бұл жұмысты Орталық сайлау комиссиясымен және облыс әкімдерімен бірлесіп жүргізеді.

Біз қоғамды демократияландыру және билік құзыреттерін төменге беру үдерісін жалғастырамыз. «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңның қабылдануы бұл бағыттағы тағы бір маңызды қадам болмақ. Қазір тиісті заң жобасы Мәжілісте талқыланып жатқанын білесіздер. Ауыл әкімдері күн сайын тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, мәселелерін шешеді. Сондықтан олар елімізде айрықша рөл атқарады. Ауыл әкімдерінің 64 пайызы жергілікті жұрттың тікелей сайлауымен қызметке келді. Мұны, шын мәнінде, зор жетістік деуге болады. Тұрғындардың мәселесін жедел әрі тиімді шешу үшін оларға көбірек мүмкіндік беріліп жатыр. Бұл жұмыс та жалғасын табады. Сонымен қатар барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын жыл сайын бағалау жүйесін енгізу керек.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болу үшін азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату айрықша маңызды. Әрбір аймақтың өз ерекшелігі және «әлсіз тұстары» бар. Өкінішке қарай, әкімдер соны біле тұра, алдағы қиындықтарды уақытылы бағамдай алмайды. Жауапкершілікті өзіне алып, дер кезінде шешім қабылдаудан қашады. Жаңа жылдан бері Президент Әкімшілігінің қоғамдық қабылдауында 811 адам болды. Соның 730-ын кестеден тыс, яғни табан астында жедел түрде қабылдауға тура келді. Олардың арасында барлық аймақтың тұрғындары бар. Президенттің атына жазылған арыз-шағымдардың саны үш жылда екі есе өсті.

Елімізде заң мен тәртіп қатаң сақталуы қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Заң үстемдігі болмаса, тұрақтылық та болмайды. Ал тұрақтылық жоқ жерде ешқандай даму да болмайды. Сондықтан азаматтарымыз заңға бағынуы керек, ал құзырлы органдар заң бұзушылықтың алдын алуға тиіс. Қоғамның қауіпсіздігін және тұрақтылығын сақтау – мемлекеттің басты міндеті. Өркениетті елдердің бәрінде солай. Әкімдер – мемлекеттің жергілікті жердегі өкілі. Сондықтан бұл жұмысқа баса мән беру қажет.

Мен бүгін реформаларымызды жүзеге асырудағы бірқатар олқылықтарға, түйткілдерге тоқталдым. Негізгі мәселе – жұмыстың сапалы орындалмауында. Сол себепті нақты нәтижеге қол жеткізе алмай отырмыз. Оның түрлі себебі бар. Кейбір мемлекеттік қызметшілер, басшылар өз жұмысына селқос қарайды, белсенді емес. Өзіне жауапкершілік алудан тартынады. Бұл, әсіресе, бюджет қаржысын игеру ісінде қатты байқалады. Олар жұмысты сапалы орындауға емес, тапсырманы дер кезінде бақылаудан алуға баса мән береді. Соның зардабын бәріміз тартып отырмыз. Жария етілген көптеген реформа әлі де баяу жүріп жатыр. Оны мойындауымыз керек. Сондықтан Үкімет ескі жұмыс тәсілін түбірімен жою үшін ерік-жігер танытуға тиіс.

Қазір мемлекеттік жоспарлау жүйесінде 163 құжат бар. Оның әрқайсысы орташа алғанда 40 іс-шараны қамтиды. 2010 жылдан бері созылып келе жатқан тапсырмалар бар. Тапсырмалардың өзектілігін қайтадан мұқият қарау қажет. Қағазбастылық керек емес. Мен соңғы кездегі жаһандық үрдістерді ескеріп, 2050 – Стратегиясын жаңартуды тапсырдым. Бұл ұзақ мерзімге арналған құжат болуға тиіс. Онда әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму жолындағы негізгі басымдықтар айқындалуы керек. 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары өзектілігін жоғалтты деп ойлаймын. Сол себепті жаңа құжат әзірлеу қажет.

Бізге ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тың тәсілдері қажет. Сол үшін тиісті стратегияны заман талабына сай қайта қарау керек. Сыртқы саясат тұжырымдамасы да жаңартылуға тиіс. Бұл құжат мүлде басқа геосаяси жағдайда қабылданған. Қазір көп нәрсе өзгерді.

Қазір – ерекше тарихи кезең. Ғылым мен технология ғана емес, қоғамдық қатынастар да түбегейлі өзгеріп жатыр. Мемлекеттердің даму бағдары және басымдықтары басқаша сипат алды. Мұндай кезде батыл әрі жылдам әрекет жасау қажет. Арқаны кеңге салып отыруға уақыт жоқ. Жүктелген міндеттерді орындау үшін дереу іске кірісу керек. Тапсырмалар мүлтіксіз және уақытылы орындалуға тиіс. Әйтпесе, салдары ауыр болады. Реформалардың нәтижесін әрбір азамат нақты сезінуі қажет. Алдағы жұмыстың басты өлшемі – осы, – деп Мемлекет басшысы кеңестегі сөзін қорытындылады.





# ЕЛОРДАНЫ ДАМЫТУ МІНДЕТІН ЖҮКТЕДІ

Президент Қ.Тоқаевтың тарапынан елорданың дамуы мен өркендеуіне қатысты бірқатар міндеттер мен тапсырмалар берілді. Осы міндеттер мен тапсырмалар жүзеге асырылса, елорда тұрғындарының өмір сүру сапасы арта түседі. Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңесте бас қаланы дамытудағы негізгі бағыттар туралы баяндадым. Солардың кейбіріне қысқаша тоқталып өтейін.

**Бірінші. Тіршілікті қамтамасыз ету нысандары туралы.**

Биыл бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобалардың құрылысын аяқтап, іске қосуды жоспарлап отырмыз. Олар: №3 су сорғыш станция, №3 жылу-электр орталығы, екі газ жылу станциясы. Олар қаланы қосымша көлемде сумен және жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін Нұра жерасты су құбырының құрылысы мен Тельман сорғы станциясын кеңейту бойынша жобаларды жүзеге асыруды бастаймыз. Сонымен қатар Сәтбаев атындағы каналдан су алуды көздейтін төртінші сорғы-сүзгі станциясын жобалауды жоспарлап отырмыз.

**Екінші. Әлеуметтік нысандар құрылысы туралы.**

Екі жылда 40 мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде қазіргі күні жергілікті бюджет есебінен – 16,5 мың орынға арналған 11 мектеп, жеке инвестиция есебінен 4 мектеп салынады. Сондай-ақ биыл «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 90 мың орынға арналған (екі ауысымды) 24 мектептің құрылысын бастаймыз. Бұл оқушы орындары тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді.

Екі жыл ішінде мемлекеттік-жеке әріптестік қағидатына сәйкес жеке инвестициялар есебінен 30 балабақша салынады. Сондай-ақ жыл сайын жеке балабақшаларға орналастыру үшін мемлекеттік тапсырыс бөлеміз.

Сапалы медициналық көмек көрсетуге қатысты бірқатар іс-шара атқарылуда. Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, 12 жобаны жүзеге асырып жатырмыз: 2 перинаталды орталық пен тұрғындарға қолжетімді 8 амбулаторлық кешен, медициналық және оңалту орталықтары.

**Үшінші. Апатты үйлерді бұзу, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау туралы.**

Осы жылдың наурызында қалалық жаңғырту бағдарламасының мерзімі 2030 жылға дейін ұзартылды. Соның нәтижесінде 206 апатты үйдің тұрғындарын көшіру жоспарланып отыр. Сонымен қатар биыл 6 мыңға жуық әлеуметтік пәтер салуды, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды (30-дан астам тұрғын үй кешені) аяқтауды жоспарлап отырмыз.

**Төртінші. Жұмыс орындарын ашу.**

Биыл бизнестің, әкімдіктің және білім беру институттарының тығыз ынтымақтастығы арқылы 60 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуды жоспарлап отырмыз. Негізгі жұмыс орындары шағын және орта бизнес саласында құрылып жатыр, онда қазір елорданың экономикалық белсенді тұрғындарының 70%-ы еңбек етеді.

Сонымен бірге ШОБ үшін жағдай жасауды, қала экономикасына жеке инвестициялар тартуды әрі қарай да жалғастырамыз. Елордада 154 инвестициялық жоба пулы құрылды. Биыл 25 кәсіпорын іске қосылады деп күтіліп отыр.

**Бесінші. Абаттандыру.**

Биыл бір миллионға жуық жасыл желек отырғызуды жоспарлап отырмыз. Бұл қаланы жаппай көгалдандыруға; қаладағы саябақтар мен гүлзарларды қайта құруға және жөндеуге, аулалар мен қоғамдық орындарды абаттандыруға, 70-тен астам көшені жөндеуге және т. б. мүмкіндік береді.

***Жеңіс ҚАСЫМБЕК,***
***Астана қаласының әкімі***



# АДВОКАТ МӘРТЕБЕСІ ҚАЛАЙ КӨТЕРІЛЕДІ?

Астанада адвокаттар алқасы жұмыс істейді. Расы керек, олардың жұмысы туралы, тыныс-тіршілігі жөнінде көп адам біле бермейді. «Адвокат кім?» десеңіз, кез келген адам «ол азаматтардың сотта құқын қорғаушы» деп жауап беруі мүмкін. Ал шындығында, құқық қорғау органдарында кем дегенде бір жыл еңбек өтілі бар, адвокаттар алқасында тәжірибе мен сынақтан сүрінбей өткен, арнайы рұқсат алып, аймақтық адвокаттар алқасына мүшелікке қабылданған заңгер ғана Қазақстанда адвокат ретінде қызметін жүргізе алады. Сондықтан олардың жауапкершілігі үлкен, атқаратын қызметі де анағұрлым ауқымды. Тек жалпақ жұртқа жария насихатталмағасын көпшіліктің біле бермейтіні сондықтан.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

### ҚОРҒАУШЫ ТӘУЕЛСІЗ БОЛУЫ КЕРЕК

Кейінгі кезде қоғамда осы қызмет иелерінің тәуелсіздігі мен соның ішінде жаңа Қазақстан жағдайында көрсететін заңдық көмегінің сапасын арттыру жайы да жан-жақты әңгіме болып жүр.

Тіпті кеше ғана өткен VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «**Елімізде адвокаттардың рөлін арттыра түсу қажет. Оларға сотқа дейінгі тергеудің басынан бастап қылмыстық істің материалдары еш кедергісіз берілуі тиіс. Жұрт заңдардың кейбір ережелеріне наразылық білдіріп, шағым айтуда. Конституциялық соттың шешімдері кейбір шағымдардың орынды екенін көрсетіп отыр**» деген болатын.

– Үкіметке таяу арада адвокаттардың мәртебесін көтеру жолында нақты ұсыныстар беріп, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету міндеті тұр. Қазір Қазақстанның құқықтық жүйесі үнемі жаңару үстінде. Осы үдерістен азаматтық қоғамның ең бір жетекші институты ретінде адвокатура да қалыс қалмауы керек. Атап айтқанда, кепілдендірілген мемлекеттік заң көмегін көрсету мәселесіне айрықша назар аударған жөн, – дейді Қазақстан адвокаттар алқасы ғылыми-консультативтік кеңесінің төрағасы Сапар Әміртаев.

Кепілдендірілген мемлекеттік тегін заң көмегін көрсету туралы жаңа заң жобасын әзірлеу жөнінде еліміздің Әділет министрлігіне қаншама хат жазылды, алқалы жиындарда келелі ұсыныстар да айтылды. Дегенмен адвокаттар мен заң кеңесшілерінің осы негіздегі талап-тілектері әлі күнге ұзын арқан, кең тұсауға салынып, нақты көңіл бөлінбей аяқсыз қалып келеді.

Екінші бір мәселе, «адвокатураны цифрландырылған жүйеге көшірудің пайдасы қандай, зияны неде?» деген сауал төңірегінде. Адвокат Асқар Өтепов мұны көптен бері әріптестерінің назарына салып келе жатқанын айтады. Оның ойынша, бұл саладағы ақпараттық технологияны жетілдірген дұрыс, алайда оны орталықтандырмау керек. Әр адвокаттың міндетті түрде ақпараттық тәуелсіздігі болуы тиіс. Әйтпесе, «жағымсыз адвокатты» бұғаттап, тіпті оның іс-әрекеті мен жұмысына сырттай бақылау жүргізілуі әбден мүмкін.

«Ең бастысы, адвокат тәуелсіз болмаса, халыққа сапалы да сауатты заңдық көмек көрсету мүмкіндіктері жойылады. Міне, осыны қатаң ескеру қажет» дейді тәжірибелі адвокат.

### ӘДЕП ТАЛАПТАРЫ САҚТАЛСА...

Заңды жақсы біліп, өз ұстанымын дәлелді тұжырымдармен сауатты қорғай алатын адвокатпен кез келген судья оның уәжіне нақты құлақ асып, санасады. Бұл өмірде кездесіп жүрген көпшілікке белгілі жай. Расы керек, мұндай тәжірибесі мол, өзінің жұмысын тиянақты да нәтижелі атқаратынына сенімді адвокаттардың қызметі де қымбаттау болатыны сөзсіз.

Бірақ оны қазақстандық құқық қорғаушылар ашық айтпайды. Бірақ соңғы уақытта олардың этикалық талаптарды сақтауы және қызметі мен көрсететін заңдық көмегі туралы жаңа заң қабылдануы керек деген әңгіме шыққалы қоғамда пікір алуандығы қалыптаса бастады.

Заңгер-адвокат Айнұр Мұратқызының пікірінше, адвокаттардың гонорарын ашық жариялау керек деген сөз мүлде дұрыс емес көрінеді. «Біреулер «Әділет министрлігі әзірлеп, алдағы уақытта Парламент талқысына ұсынылғалы отырған заң жобасына осындай бір бап немесе тармақ енгізу керек» деп өз көзқарасын таңып жүр. Бұрынғы заңда клиенттің құпиясын ашуға болмайды деген тұжырым бар еді. Ол жаңа жобада да болуы керек. Бұл – түптеп келгенде, оның қорғаушысы жүргізетін жұмыстың нағыз түйіні. Клиент адвокатқа сенуі керек. Осындай екеуара түсіністік, бір-бірін ұғатындай ахуал қалыптасқанда ғана ортақ жұмыстың жемісі болады.

Әдептілік талаптарын бұзғаны үшін адвокаттың рұқсат қағазын (лицензиясын) алып қою керек деп жатады. Рас, кейде қалтасының қамын көбірек ойлап, сенімге селкеу түсіретін заңгерлер кездесетінін жасыруға болмас. «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген сол. Өмірде кездейсоқ жаза басып, заңның құрығына іліккен адамды осындай қиын сәтте жоғары білікті, маман заңгердің қорғауы үшін ақылы қызметін ұсынуы – нарық талабы. Оған келісуге болады. Алайда өзі немесе етбауыр жақыны үшін қолындағы барын беріп, үміттенгенде, берген ақша ақталмай, іс те оң шешімін таппай қалса, бұл жағдай қоғамда дүрбелең туғызары сөзсіз. Сондықтан қандай жағдайда да адвокат өзінің қоғамдағы беделіне нұқсан келтірмеу жағын алдын ала ойластыруы керек» дейді заңгер.

Қазақстанада адвокаттар қызметі туралы заң 1997 жылдан бері жаңармапты. Міне, енді Әділет министрлігі ұсынып отырған жаңа заң жобасында заман талабына сай оң өзгерістер барынша қамтылып отыр. Қаншама ой-пікір айтылғанымен, әркім өзінің әлеуметтік, экономикалық, саяси тұжырымы мен көзқарасын білдіріп жатқанымен, адвокатура да тірі ағза сияқты жетіліп, дамып отырғанды қалайды. Сондықтан ерте ме, кеш пе бұл заң қабылданары сөзсіз.

### ЖҰМЫС НАСИХАТТАЛСА...

Қазақстанда кейінгі жылдары алқа билердің өкілеттілігі артта түсті. Олар қазір азаптау, бөтеннің мүлкін күшпен тартып алу (рейдерство), дәрігерлердің қателіктері, тағы басқа да қылмыстық істерге үкім шығарып жүр. Бұған қуану керек. Адвокаттар мен құқық қорғаушылар үшін бұл – жағымды жаңалық. Өйткені іс барысында оларға түсетін жүктеме жеңілдейді. Судьяның әділ шешім шығаруына ықпал күшейеді. Мойындау керек, өз ісін бес саусағындай біліп, шын мұқтаж жандарға тегін көмек көрсетіп жүрген адвокаттар аз емес. Ондай адамдар, әсіресе бұрын сот, прокуратура, тергеу ісі, заң саласында мол тәжірибе жинақтаған салиқалы заңгер болып келеді. Міне, олардың жұмысын барынша көрсете насихаттап, жұртшылыққа үлгі ету қажет. Бұл, түптеп келгенде, адвокаттардың рөлі мен беделін нығайтуға қызмет етеді.

«Қазір елімізде алты мыңға тарта адвокат бар. Сондықтан да қылмыстық, әкімшілік процестердегі адвокаттар болсын, азаматтық істердегі заң кеңесшілері болсын өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруы тиіс. Елімізде жыл сайын 40 мыңға жуық қылмыстық іс, миллионға жуық азаматтық іс қаралады. Осылардың әрқайсысында азаматтар білікті заң көмегіне жүгіне алуы керек. Жекелеген жағдайда мемлекет көмектесіп келеді. Бірақ, көп ретте жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да заңгерлерді өздері табады. Кейде қорғаушылар мен кеңесшілердің біліктілігіне көңілі толмай, шағымданып жататындар да болады. Алдағы уақытта адвокатура жұмысын жоғары стандарт пен сапалық жаңа деңгейге көтеру – уақыт талабы екенін осы саланың адамдарының өздері мойындап отыр. Сондықтан Жаңа Қазақстан жағдайында Мемлекет басшысы тапсырғандай адвокаттардың мәртебесі де, рөлі де, жұмысы да жаңа сатыға көтерілуі тиіс. Өйткені олар өздерін қоғамнан да, азаматтардан да, сот төрелігі жүйесінен да бөлек қарастыра алмайды» деген пікірмен толық келісуге болады.

# ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ КІМГЕ БЕРІЛЕДІ?

Ертеден мал бағып, төрт түліктің қызығын көрген қазақ заманына қарай кәсіптің түрлерін меңгере бастады. Бау-бақша, егін шаруашылығынан өзге заманауи кәсіптер өмірімізге дендеп ене бастады. Жаһандану заманында әлеуметтік желілермен тығыз байланысты қызметтер, жұрттың сұранысына орай ақысы қомақты, табысты кәсіптерді игеру жаппай белең алды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

### ҚАНДАЙ КӘСІПТЕН НӘСІП ТАУЫП ЖҮР?

Кәсіпкерлікті қолдаудың бизнес жобаларына қатысты қарап отырсақ, әкімдік бөлетін қаржыны алуға тілек білдіргендерді қарағанда, үйде отырып тағамдар (жартылай фабрикаттар, қатырылған нан өнімдері) дайындайтын, кірпік жалғап, қас бояйтын, маникюр жасайтын, тігін тігетін де адам көп екен.

Осы жолы басымдық таза былғарыдан аяқ киімдер жасайтын адамға, баланың ой-өрісін дамытуға арналған моторика ойындарына арналған құралдар жасайтын жандарға, қарауында мүмкіндігі шектеулі баласы бар, сынықшылығы бар, массаж жасайтын адамға берілді. Қайтарымсыз гранттың мөлшері – 1 380 000 теңге.

Қазақта кәсіп көп қой, отандық өнім өндірумен айналысатын, көптеген жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін ерекше бизнес жоба жоқтың қасы. Бәрі де тамақ жасау, мал шаруашылығы, полуфабрикат, кондитерлік өнімдер, наубайхана ашу, ағылшын курсы, косметология немесе тігіншілікпен, я сән салонын ашуға қатысты ғана кәсіпкерлік жобасын айтады.

Іздену, жаңа жобалар ойлап табу тіпті жоқ десе болады. Алу, сату ғана, ал ұлттық ерекшеліктерімізді, салт-дәстүрлерімізді көрсететін жобалар өте аз, көбіне бірін-бірі қайталау болып келеді. Әсіресе, бала киімдерін тігетіндер көбейген, бұған олар «адамдар бала үшін ақшасын аямайды» деген уәж айтады.

### БИЗНЕСТІҢ БОЛАШАҒЫ БАР МА?

«Астана қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің берген мәліметіне сәйкес, гранттар беру тәртібі мына санаттағы адамдарға:

Гранттар атаулы әлеуметтік көмек, көпбалалы жәрдемақы және (немесе) оның жұбайы (зайыбы), асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар, қоныс аударушылар, қандастар, еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар баланы (балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар жататын халықтың әлеуметтік осал топтарына (немесе) оның жұбайы (зайыбына) беріледі.

Гранттар жұмыссыз немесе дара кәсіпкер ретінде грант беруге өтініш берілгенге дейін тіркелген, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан кем болған жағдайда халықтың әлеуметтік осал топтарына тиесілі.

Азаматтардың жаңа бизнес идеяларын іске асыру үшін берілетін қайтарымсыз грант бойынша, комиссия мүшелерінің өтінім берушілер алған теріс шешімінің себебін қала әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мекенжайына келіп, кеңсе бөліміне арыз қалдыру арқылы 10 жұмыс күні ішінде біле алады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде «Біз шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілетін арттыру мәселесіне баса мән береміз. Осы орайда шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеу қажет. Ең бастысы, мемлекеттік қолдауға ие болатын жобаларды іріктеу ашық өтуге тиіс. Жобаның нақты әлеуметтік-экономикалық тиімділігін ескеру қажет. Осы орайда Үкіметке депутаттармен бірлесіп, орта бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді тапсырамын. Өйткені орта бизнес ел экономикасын дамыту ісінде басты рөл атқарады. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады» деді.

### МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Астана қаласы бойынша 2023 жылы 132 азаматқа (халықтың әлеуметтік осал топтарына) қайтарымсыз грант беру жоспарланған. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі комиссиның құрамына халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы, жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми-білім беру мекемелері өкілдерінің, бизнес, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, салалық сарапшылар кіреді.

Бизнес-жобаның биылғы 1 легіне 809 азаматы өтінім білдірген, 33 жоба мақұлданды (жоспар бойынша).

## P.S:

***Сонымен, қайтарымсыз грант алуды мақсат еткен елордалықтар жылдан жылға көбейіп келеді. Жаңа идеялары бар бизнес жобалар болса бірсәрі, жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған бірсарынды жобалар, бір-бірінен айна-қатесіз көшіріп алған бизнес жобаларын ұсынған жоғарыдағы санаттағы азаматтар өзінің де, өзгенің де уақытын «ұрламай», тың ізденістерімен қуантса, елорда экономикасына сәл де болса өз үлесін қосса дейсің, ал бірыңғай жобалар шарықтай алмай жатып-ақ кәсіптің дөңгеленіп кетуіне кедергі жасары анық. Көлемді дүние қарапайым бір кірпіштен қаланады, ендеше, қазақтың керек кәсіпті таңдап, күнкөрісінің жақсаруына, мемлекеттен берілген қолдауды дұрыс мақсатқа жұмсауына әлі де мүмкіндігі бар.***

# 91 ТҰРҒЫНҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Елордада үш жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға, толық емес және аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға кешенді консультациялық қызметтер, соның ішінде психологиялық, әлеуметтік және заңгерлік көмек көрсетеді. Жыл басынан бері орталыққа заңгерлік кеңес алу үшін 142 азамат жүгінген. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында «Астана қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы» КММ директоры Бахтияр Айтпаев мәлімдеді.



Отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеу бөлімдері орталыққа жүгінген азаматтарға мемлекет тарапынан белгіленген әлеуметтік қолдау шаралары туралы кеңес береді. Сондай-ақ, өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды аралап, тұрмыс жағдайымен танысып, шешілмей жатқан мәселелерін жазып алады, тұрмыс жағдайын жақсартуға атсалысады және өмірлік қиын жағдайдан шығуға көмек көрсетеді.

– Біздің орталыққа көбіне өмірлік қиын жағдайдағы отбасылар, көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, аз қамтылған, жағдайы төмен отбасылар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, мүгедектігі бар адамдар жиі келеді. Орталық қызметкерлері олардың мәселелерін шешумен айналысып келеді. 2022 жыл және 2023 жылғы 1 тоқсан қорытындысы негізінде отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеу бөлімдерінің мамандары 273 отбасыны тұрғылықты мекенжайы бойынша аралап, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен танысып, шешілмей жүрген әлеуметтік мәселелерін жазып алды. Бір отбасында бірнеше мәселе қарастырылатын жағдайлар жиі кездеседі. Жалпы, жыл басынан бері тұрғындардан әлеуметтік қорғау бойынша – 202, тұрғын үй мәселелері бойынша – 66, денсаулық сақтау мәселелері бойынша – 29 және білім беру мәселелері бойынша 45 сұрақ түсті, – деді орталық басшысы.

Азаматтар, негізінен, бұл орталыққа атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, тұрғын үймен қамтамасыз ету, білім беру бойынша, денсаулық сақтау, тұрмыс жағдайын жақсарту және т. б. мәселелермен жүгінеді екен. Білім мамандары олардың әрқайсысына тиісінше көмек көрсетуде.

– «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығының отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеу бөлімдерінде жұмыс істейтін мамандар балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға кезекке қоюға – 40, мектепке дейінгі мекемелерге жолдама алуға – 13, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу үшін кезекке қоюға өтінімді ресімдеуде – 24, толық медициналық тексеруден өтуге 7 рет көмек көрсетті. Ағымдағы жылғы өтініштерді талдау бойынша біздің орталыққа жүгінген 91 елорда тұрғынына психологиялық көмек көрсетті. Жыл басынан бері орталыққа заңгер кеңесін алу үшін 142 азамат жүгінген, – деді директор.

Сонымен бірге «Жанұя» орталығының қызметкерлері қалада ұйымдастырылып жүрген қайырымдылық шаралардан тыс қалмайды.

– Жыл басынан бері олар қоғамдық және қайырымдылық қорларымен, сондай-ақ жеке тұлғалармен бірлесіп, 326 отбасына азық-түлік себеті мен тұрмыстық химия жиынтықтары таратылды. Мәселен, 50 отбасыға маусымдық киім сатып алуға сертификаттар берілді. Орталықтың 2 жылдығын мерекелеуге арналған «Жанұя жылуы» қайырымдылық іс-шарасы аясында көпбалалы отбасылардан шыққан балалар арасында «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылып, оған 6-8 жас аралығындағы 17 бала қатысты. Байқаудың демеушісі «Stable construction» құрылыс компаниясы байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға кеңсе тауарларын сатып алуға жалпы сомасы 180000 теңгені құрайтын 10 сертификат табыстады. Отбасы күніне орай «Happylon» және «Mini City» балалар ойын-сауық орталықтарына баруға 70 сертификат берілді. 20 отбасы «Қанаттылар» инклюзивті театрының ашылу салтанатына шақырту алды. 80 балаға Роза Бағланова атындағы Қазақконцерт ғимаратына экскурсияға, сондай-ақ «Жазғы кино» жобасы аясында кинотеатрға баруға шақыру билеті берілді. Сүйемелдеудегі 4 отбасына «Dauletten», «Asar UME», «Қарекет» қайырымдылық қорларынан тұрғын үй табысталды, – деді Бахтияр Айтпаев.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында «eGovMobile» мобильді қосымшасының базасында мемлекет халықпен және бизнеспен өзара іс-қимыл жасауы үшін тиісті цифрлық инфрақұрылым құру керегін айтқан болатын. Осыған орай, Әділет, Цифрлық даму, Инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері республикалық нотариаттық палатамен бірлесіп «Цифрлық нотариат» жобасын іске қосты.

# «ЦИФРЛЫҚ НОТАРИАТ» – ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБА




Бұрын сенімхатты ресімдеу үшін құжатқа қол қою және нотариус куәландыру үшін клиенттің жеке қатысуы талап етілсе, енді тұрғындар нотариаттық сенімхаттарды «eGov Mobile» арқылы онлайн форматта рәсімдей алады. Ол үшін алдымен «eGov Mobile» қосымшасына кіріп, өтінімді толтырасыз. ЭЦҚ көмегімен қол қойғаннан кейін жеке басын растау үшін қосымшаның көмегімен нотариусқа бейнеқоңырау шалып, белгіленген тариф бойынша нотариустың қызметіне ақы төлесеңіз болды. Төлем жасалғаннан кейін «Цифрлық құжаттар» бөлімінен дайын цифрлық сенімхатты алуға болады. Тіпті көлік жүргізу куәлігін де үйден шықпай-ақ жаңартып, дайын болғанда алып кетуге болады. Алдағы уақытта адам өмірін жеңілдетуге арналған жобалар жалғаса бермек.

Астана тағы қалың қарға оранды. Түні бойы жауған ақ ұлпа қарлы боранға ұласып, қалалықтарды едәуір әбігерге салды. Осыған орай, коммуналдық қызметтер тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Бүгінде қаланы қалың қардан тазарту жұмысына күн сайын 2,3 мыңнан астам жол жұмысшы мен мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылуда.




# ҚАР ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Соңғы күндері ауа райы күрт өзгеріп, тек демалыс күндері жауған қар мөлшері бір жарым айлық нормадан асып түсті. Ауа райының күрт нашарлауына байланысты қала ішіндегі кейбір көшелермен қоғамдық көліктің жүруі қиындап, қалың қар, көктайғақ, боран салдарынан автобус бағдарлары кешігіп, қалалықтар біраз қиналып қалды.

Ережеге сәйкес, қала жолдарында кептеліс болмас үшін бірінші көлік көп жүретін көшелердің қары тазартылады. Мектептерге, балабақшаларға, ауруханаларға кіретін орындар, тротуарлар мен жолдарды тазартуға да басымдық беріледі.

Сарыарқа ауданы әкімі аппараты бөлімінің бас маманы Жансейіт Тынбаевтың айтуынша, қыс мезгілінде алдымен механикаландырылған тазарту жүргізіледі.

– Механикаландырылған тазарту жол төсемі жол-көлік құралдарының, сондай-ақ автобустардың, автобус желілерінің өтуі үшін маңызды. Тұрғындардың автобусқа еш қиындықсыз отыруы үшін жаяу жүргіншілер өткелдері қолмен тазаланады, – дейді бас маман.

Жалпы мамандардың айтуынша, мұндай жағдай елордада 1996 жылдың сәуір айында болған көрінеді. Дегенмен қаланың барлық ауданы қар тазалау жұмысын қарқынды жүргізіп жатыр. Өткен түнде елорда аумағынан 36 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Алматы ауданында бір түнде барлығы 1,8 мың тоннадан астам қар жиналып, 63 жол жұмысшысы мен 229 арнайы техника жұмылдырылды. Байқоңыр ауданы аумағында да қар тазалау жұмысы қызу жүргізілуде. Бұл іске барлығы 500-ге жуық жол жұмысшысы мен 100-ден аса арнайы техника шығарылды. Сарыарқа, Есіл, Нұра аудандарында да қар шығару жұмысы жалғасуда. Қазіргі уақытта бұл аймақтарда коммуналдық қызметтер негізгі көшелерді, кіреберіс қалталарды және тротуарларды қардан тазалау үшін коммуналдық қызметкерлер бар күшін салуда.

Кеше қала аумағынан 42 мың текше метрден астам қар шығарылды. Бас шаһардың көшелері мен жолдарын қар мен мұздан тазарту үшін 2239 жол жұмысшы мен мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды.

Соңғы үш күнде қаладан 71 мың текше метрден астам қар шығарылды. Дегенмен қар күреу кезінде жол жиектерінде қалған немесе кірме жолдардың жанында ретсіз тұрған машиналардың кедергі келтіретіні шындық. Бұл ретте қар күреу жұмысына жол жиектерінде қалған немесе кірме жолдардың жанында ретсіз тұрған машиналар және т. б. кедергі келтіретінін ескерсек, сала мамандары қалалықтардың көлігін жол жиегіне қалдырмауын, ыңғайсыз орындарға қоймауын, бастысы, қоғамдық көліктердің жолын бөгемеуді ескертеді.

«Өйткені көліктер жол жиегінде тұрса, арнайы техника бұл учаскелерді емін-еркін тазалай алмайды. Мұның бәрі арнайы техниканың учаскелерден өтуіне және тиісті учаскелерді тазалауына едәуір қиындық тудырып қана қоймайды, қар күреу жұмысын баяулатады» дейді мамандар.



«Қазгидромет» синоптиктерінің дерегі бойынша айлық норма 22 мм болса, Астанада соңғы бірнеше күнде ғана 37,6 мм қар жауды. 17 сәуірге қараған түні елордадан 23 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Жалпы, биыл қыс басталғалы бері қала аумағындағы төрт миллион текше метрден астам жер қардан тазартылды. Бұл ретте көшелерді, жаяу жүргіншілер жолын, көпірлерді, орамішілік аумақтарды, аялдамаларды қар мен мұздан тазартуға барынша күш жұмылдырылуда. Осыған орай, қалалықтардың көктайғақ кезінде қозғалыс ережесін сақтағаны, жүргізушілер жолда мұқият болып, қауіпсіз арақашықтықты сақтағаны жөн.

# ЕЛОРДА ЖОЛДАРЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының мәлімдеуінше, биыл елордадағы жалпы ұзындығы 54,3 шақырымды құрайтын 72 көшені, оның ішінде 40 шақырымды құрайтын 44 орталық көшені және қаланың тұрғын үй алаптарындағы ұзындығы 14,3 шақырымды құрайтын 28 көшені орташа жөндеу жұмысын жүргізу жоспарланып отыр.



«Мәселен, Алаш көпірінен А.Пушкин көшесіне дейінгі учаскедегі әл-Фараби даңғылын, «Салтанат» аркасынан Хусейн бен Талал көшесіне дейінгі (жаңа мешітке дейін) Мәңгілік ел даңғылын, Мәңгілік ел мен Сарайшық көшесі қиылысындағы көлік айырығын, Тұран даңғылын, Қорғалжын тасжолынан Сарайшық көшесіне дейін, Ш.Уәлиханов көшесін, Бөгенбай батыр даңғылынан А.Кравцов көшесіне дейін, Ш.Құдайбердіұлы даңғылын, Ғ.Мұстафин көшесінен Р.Қошқарбаев даңғылына дейін, «Тұлпар» көпірін және тағы да басқа көшелерде жол жөндеу жұмысы жүргізіледі» делінген ведомство хабарламасында.

2022 жылы ұзындығы 58,8 шақырымды құрайтын 110 көшеде, оның ішінде 55 орталық көшеде (42,2 шақырым) және елорданың елді мекендеріндегі 55 көшеде (16,6 шақырым) жөндеу жұмысы жүргізілген болатын.

Бетті дайындаған
**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

# ЖАНАРМАЙ ҚЫМБАТТАДЫ, ЕНДІ БАҒА ӨСЕ МЕ?

«Жұрттың ай сайын жұмсайтын қаржысының тең жартысынан көбі азық-түлік алуға кетеді. Үкіметтің әрекеті жеткіліксіз болып отыр. Тыйым салу және шектеу шаралары уақытша ғана әсер етеді. Мұндай қадамдар қиындықтың бетін қайтарса да, одан біржола құтылуға мүмкіндік бермейді, тіпті, мәселені ушықтырады деуге болады. Ауыл шаруашылығы және өндіріс саласының дамуында нақты нәтиже жоқ. Азық-түлік инфляциясының басты себебі де – осында. Елімізде өндірілетін тауардың көлемі ішкі сұранысты қамтамасыз етуге жетпейді. Импортқа тәуелдіміз» деп мәлімдеді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінде. Президент инфляция өскен сайын халықтың табысы құнсызданып жатқанына назар аударды.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

Наурыз айындағы сайлаудан кейін ескі де жаңа Үкіметті (екі-ақ министр ауысты) қайта жасақтаған Amanat партиясы қарапайым қазақстандықтарға күтпеген «сый» жасады. Ол – жанармай бағасын қымбаттату. 12 сәуірден бастап Үкімет АИ-92 және АИ-93 маркалы жанармайдың бір литрін 182 теңгеден 205 теңгеге, яғни 11 пайызға өсірді. Дизель отыны 20 пайызға өсіп, бір литрі 295 теңгеден сатыла бастады. Бұл «қадамды» Энергетика экс-министрі Болат Ақшолақов «Үкімет жанармай тапшылығына ұрынбас үшін осындай қадамға барды» деп түсіндірді. Негізгі себеп бұл емес-ті. Ол кейінірек айтылды.

Арзан жанармайды көлеңкелі жолмен көршілес елдер тонналап тасып әкетеді екен. Бұған тосқауыл қою үшін Үкіметтегі шенеуніктер автокөлікпен және теміржол көлігімен жанармай экспорттауға қатаң тыйым салды. Мұнай өнімдерін шекарадан заңсыз өткізетін делдалдардың жолы кесілді. Шетелдік сатып алушыларға әр литріне 450 теңге деген баға белгіленді. Бірақ бұлардың бәрі жанармай бағасын ұстап тұруға көмектесе алмады. «Серый» экспортты бұрыннан ойластырып, «дұрыс» жолға қойып алған алаяқтар айласын асыра берді. Ақыры, Үкімет «сұр» схемалармен күресуге күш-жігері жетпейтінін біліп, бағаны қымбаттатты.

### ИІЛМЕГЕН ИНФЛЯЦИЯ

Өткен жылдың соңында еліміздегі инфляция көлемі 22 пайызды құрады. Ол 2023 жылы ақпан айында 21,3 пайызға төмендеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке жыл соңына дейін инфляция деңгейін екі есеге: 11 пайызға дейін төмендетуге тапсырма берді. Үкімет оны орындай ала ма, жоқ па, уақыт көрсетер.

Ал жанар-жағармай бағасының өсуі инфляция үдерісіне қалай әсер ететінін Үкімет үйіндегі жиында Премьер-министр Әлихан Смайылов былай түсіндірді: «Шынымен де, жанар-жағармай бағасының өсуі инфляцияға белгілі бір деңгейде әсер етеді. Олардың тұтыну қоржынындағы үлесі: дизель отыны – 0,4 пайыз, АИ 92 жанармай – шамамен 2 пайыз. Осыны ескере отырып, биылғы баға өсуінің тікелей әсері инфляцияның 0,35 пайыздық тармағына бағаланады». Әлихан Смайылов өзі басқаратын Үкіметтің шалағай шешімінің бағаға тек жанама ғана әсері болатынын айтып, сендіргісі келді.

БАҚ өкілдері алдында Премьер-министр: «Наурыз айының қорытындысы бойынша біз инфляция қарқынының айтарлықтай баяулағанын көреміз. Егер ақпан айында жылдық инфляция 21,3 пайыз болса, наурыз айының қорытындысы бойынша 18,1 пайызға азайды. Бұл үрдіс одан әрі жалғасады. Біз инфляция қысымын төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін белсенді түрде іске асырамыз» деп батыл сөйледі.

Шынында да солай ма? Ескі де жаңа Үкіметтің инфляция үдерісін тежеуге қатысты іс-әрекеті нәтиже бере ме? Бұл жерде мынадай мәселе бар: құзырлы министрліктердің іс-қимылы бір-бірімен үйлеспейді. Тіпті бір-біріне қарсы деуге болады. Энергетика министрлігі жанармай бағасын өсірді, ал Сауда және интеграция министрлігі бағаны төмендетуге тырысуда. Ол қолдан келе қояр ма екен?..

### АРЗАН ГАЗ ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАРАДЫ

Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин жанармайдың қымбаттауы азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне соншалықты әсер етпейтініне сенімді.

«Меніңше, бұдан азық-түліктің бағасы айтарлықтай қымбаттамайды. Өйткені нарықтағы ахуалға ықпалы бар ірі-ірі өндірушілердің көпшілігі жанармай емес, газ тұтынады. Әзірше газдың бағасы арзан. Сол себептен дизель отыны қымбаттаса да, ол тамақтардың құнына қатты қысым жасайды деп ойламаймын. Ал бұлай сенімді айтып тұрғаным, біз көктемгі егіс жұмысына арзан бағамен 413 мың тонна дизель отынын бөліп қойдық» деп түсіндірді мәселенің мәнісін С.Жұманғарин Үкіметтің дәлізінде журналистерге.

Тілшілердің көзін жеткізу үшін ол нақты сандарды мысалға келтірді.

«Әртүрлі тауарлардың қымбаттау деңгейі де бірдей емес: мысалы, тауар жеңіл болған сайын ол барынша арзан болмақ. Жұмыртқа мен тауық етін алсақ, онда жанармайдың өзіндік құны 2 пайызды құрайды, қантта – 5 пайыз. Егер күнбағыс майын алсақ, онда дизель отыны 25 пайызға көтерілетін болса, май 2,4 пайызға қымбаттайды. Яғни әрбір литріне 700 теңге деп алсақ, бұл шамамен 15-17 теңге болады» деді С.Жұманғарин. Ол жоғары қарқынмен өршитін инфляцияны тежеудің қандай жолы барына да арнайы тоқталды.

«Қазір инфляцияның деңгейі төмендеп келеді. Үкімет өзіне жүктелген тапсырманы орындай алатынын көрсетті. Бірақ мақтануға әлі ерте. Алдымызда маусымаралық деп аталатын сәуір, мамыр және маусым айлары бар. Бұл айларға да біз алдын ала қамдандық. Қазіргі таңда 33 мың тонна картоп, 11 мың тонна сәбіз, 7 мың тонна қырыққабат пен пияз қорын жинап қойдық. Өзіміздің өнімдер тұтынушылық айналымға енгенше осы қорды пайдаланамыз» деп түсіндірді министр.

### САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Алайда қаржы саласының сарапшы-мамандары жанармай бағасының өсуі азық-түлік және қызмет түрлері құнының қымбаттауына әкеледі деген пікірде. Қаржыгер Расул Рысмамбетов жанармай бағасының өсуінен азық-түлік құны шамамен 3-7 пайызға қымбаттайтынын айтады.

«Үкімет Президенттің тапсырмасын орындаудың бірнеше жолын қарастырады. Біріншіден, олар инфляцияны санау тәсілін қайта қарастырады. Екіншіден, инфляцияны екі есеге дейін азайту дегеніміз – бұл экспортты және импорталмастыруды көтеру. Үкімет мұнайға, металдарға, бидай сатуға басымдық береді. Бизнес жүргізудің шарттарын жақсарту мәселесіне де ерекше көңіл бөледі. Үшіншіден, меніңше, инфляция туралы емес, экономиканың, өндірістің күші, жұмыс орындарын ашу, бизнестегі кедергілерді жоюға ден қоятын кез келді. Инфляция бұл қолмен басқаратын нәрсе емес, ол – бар-жоғы ағзаның температурасы. Егер экономикалық тұрғыдан салауатты, дұрыс өмір салтымен жүрсек, инфляция өз-өзінен қалыпты жағдайға келеді» дейді Р.Рысмамбетов.

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының сарапшысы Зарина Скрипченко 2023 жылдың соңына дейін Үкіметтің инфляцияны екі есеге дейін төмендетуі мүмкін емес екенін айтады. Ол үшін тұтынушылық баға индексі қалған 8 айдың ішінде 0,7 пайыз көлемінде тежелуі тиіс.

«Инфляцияны айтарлықтай азайту үшін Үкімет бюджет шығындары мен Ұлттық қордан бөлінетін қаражаттың көлемін қысқартуы қажет. Ал бюджеттің көлемін 1,5 трлн теңгеге ұлғайту және жанармайды қымбаттату инфляцияны тежеу үдерісін қиындата түседі. Жанармайдың өсуі еліміздің ішкі нарығындағы бағаның «секіруіне» жағымды ықпал етеді. Яғни азық-түлік бағасын ешкім ұстап тұра алмайды» дейді ол.



## АСТАНА – ӨНЕРКӘСІП АЙМАҒЫ

Бас қаланың арнайы экономикалық аймағында құрылыс кластерінің 200-ге жуық жобасы, жұмыс істеп тұрған 50 өндіріс кәсіпорнының кластері табысты жұмыс істеуде. Тағы 45 жоба дайындық сатысында тұр. Соңғы 6 жылда №1 индустриялық паркте орналасқан өнеркәсіп кәсіпорындарынан түсетін салық түсімдері 5 есеге ұлғайып, 170 миллиард теңгеден асты.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары арнайы экономикалық аймақтың бірқатар кәсіпорнын аралады. Бұл аймақта өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі үлесі шоғырланған. Мұнда 6 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Экономикалық аймақтың аумағында 75,5 миллиард теңге сомасына бағаланатын 45 жоба іске асыру сатысында тұр. Олардың жұмысының басталуымен 2,5 мыңға жуық адам тұрақты жұмысқа орналасады. «Астана – жаңа қала» және «Астана-Технополис» екі арнайы экономикалық аймағының жалпы ауданы 16 мың гектардан асады.

– АЭА-ны одан әрі дамыту перспективалары мәселесін, олардың экономикалық әсерін осы жұмада бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында жеке тыңдаймыз. Сондай-ақ №2 индустриялық парктің дамуы мәселесін жеке талқылаймыз, – деді астаналық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

Бүгінгі таңда арнайы экономикалық аймақтағы кәсіпорындар елорда қазынасына қомақты түсім түсіруші болып отыр.



## ҮЛЕСКЕР АҚШАСЫН ҚАБЫЛДАЙ АЛМАЙДЫ

Елордада құрылыстың бастапқы сатысындағы үлескерлердің ақшасын қабылдауға рұқсаты жоқ құрылыс ұйымдарының тізімі жаңарды.

Қолданыстағы заңнаманы айналып өту кезінде жасалған барлық мәмілелер, оның ішінде алдын ала брондау шарты, резервтеу шарты, инвестициялау шарты, талап ету құқығын басқаға беру шарты тізімде көрсетілген көппәтерлі тұрғын үй кешендерінде жарамсыз болып табылады.

Азаматтардың қаражатын сақтау үшін Астана әкімдігі қырағы болуды сұрайды және рұқсат беру құжаты (құрылысқа рұқсат, «Жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы» ШЖҚ РМК оң қорытындысы) болмаған кезде тұрғын үй сатып алудан бас тартқан жөн.

Үлескерлердің қаражатын тиісті рұқсатсыз қабылдауға «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР заңнамасы арқылы тыйым салынады, бұл ретте ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 320-бабы, сондай-ақ ҚР Қылмыстық кодексінің 214-бабы бойынша кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысқаны үшін жауапкершілік көзделген. Үлескерлердің қаражатын қабылдауға құқығы жоқ құрылыс салушылардың тізімінде 30 серіктестік атауы бар.

Барлық сұрақтар бойынша Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайындағы Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасына хабарласуыңызды сұраймыз. Байланыс телефоны: 8 (7172) 55-04-28, 55-67-03.

## Серік АҚШОЛАҚОВ:

# ДӘРІГЕРДІҢ ҚАТЕЛЕСУГЕ ХАҚЫСЫ ЖОҚ



Медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Қазақстанның Еңбек Ері», «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы Серік АҚШОЛАҚОВПЕН Ұлттық нейрохирургия орталығының 15 жылдығы қарсаңында арнайы «Астана ақшамы» газеті үшін сұхбаттасқан едік.

Адал еңбегімен, табан ақы, маңдай терімен қарапайым дәрігер-нейрохирург қызметімен еңбек жолын бастаған Серік Ақшолақов – Қазақстан Республикасын экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін берілетін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болған айрықша адам. Ел ішінен шыққан, көпшіліктің көз алдында жетіліп, кісілікті болмыс қалыптастырған тұлға.

Адам ретінде өте қарапайым, көпшіл, ғалым ретінде талапшыл, білікті басшы, іскер ұйымдастырушы, ұлт медицинасына жаңалық алып келген дәрігер. Нейрохирургия саласында оның алдына түскен жан жоқ, Астанада ең бір заманауи клиника салынуына өлшеусіз қызмет етті, қаншама адамды ажал аузынан аман алып қалуына себепкер болды, өйткені елімізде нейрохирургиялық көмекке зәру жандар аз емес, жылдан-жылға көбеймесе, азаятын түрі жоқ.

**– Серік Қуандықұлы, мидың, ми діңгегінің, мидың қарынша жүйесінің базальды бөліктеріндегі ісіктерге операциялық микроскоппен микронейрохирургияны қолданумен айтарлықтай күрделі нейрохирургиялық операцияларды жасадыңыз. Ұлттық нейрохирургия орталығында 35 мыңнан астам күрделі операция жасалған. Қазақстанда алғаш рет микронейрохирургияны, эндоскопиялық нейрохирургияны, (трансназальды эндоскопиялық әдістер, мидағы жылауық кезінде эндоскопиялық операциялар), алғаш рет нейронавигацияны қолданып, эпилепсияны операциялық түрде емдеуді жүзеге асырдыңыз. Бұл салада тағы қандай жаңалықтар бар, қандай проблемалар өзекті?**

– Ұлттық нейрохирургия орталығына биыл жазда 15 жыл толады. Осы 15 жылдың ішінде орталықта 57 мыңнан астам адам ем қабылдады, 39 мыңнан аса ота жасалды, тәжірибемізге 70-тен астам нейрохирургиялық жаңа технологиялар енгізілді. Орталықтың базасында Қазақстанда алғаш рет нейрохирургияның жаңа салалары – микронейрохирургия, эндоваскулярлық, эндоскопиялық және функционалдық нейрохирургия енді. Ендігі бір соңғы жаңалығымыздың бірі – ол гамма-пышақ радиохирургия кешені. Атап айтсақ, бұл радиохирургиялық қондырғы – мидың ісіктерін, бас миының тамырлы және функционалдық ауруларын емдеуге арналған қондырғы. Жұмыс істеу принципі кобальт-60-тың 192 көзінен радиоактивті сәулелену қолданылады, сәулелер бір нүктеге жиналады және патологиялық ошақ аудажнына бағытталады, бұл ретте ісік жасушаларының ДНҚ-сы бұзылады. Ал ісіктің айналасындағы мидың сау тіндері сәулеленуге ұшырамайды. Үлкен энергияның әсері нүктелі, сәулелердің шоғы нысаналы бағытталған учаскеге дәл түсіп, әсер етеді.

Гамма-пышақтың артықшылығы – ол терең орналасқан ісікті немесе бас миының өмірлік маңызды құрылымдары жақын орналасқан жерде жұмысын өте тиімді атқарады. Сонымен қатар, бас миының көп мөлшерлі метастаздарында өте жақсы көмектеседі. Сәулелік терапияға қарағанда, гамма-пышақтың көмегімен емдеу кезең-кезеңмен жасалады, ал сәулелік терапиясымен бірнеше сеанс қатар жасау қажет. Сондықтан бүгінде гамма-пышақ радиохирургияда алтын стандарт болып табылады. Қондырғының жұмыс нәтижесі жақсы, қазіргі таңда 800-ден астам науқасқа ем көрсетілді.

**– Қазақстан нейрохирургтарының ерекшелігі неде деп ойлайсыз? Біздің талантты жас дәрігерлеріміз тек елімізде ғана емес, шетелдерде де ота жасап, адам өміріне араша түсуде. Олар қажетті білімді университет қабырғасында алып жатыр ма, әлде практика барысында біліктілігін жетілдіріп жатыр ма, клиниканың жаңаша ғылыми ізденістерінде тың жаңалықтар бар ма?**

– Қазақстандық нейрохирургтардың ерекшелігі, біріншіден, халықаралық деңгейге шығуы, тәжірибесі мен жұмысын жарыққа шығару мүмкіндігіне ие болу. Біз тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген қауымдастықтардың құрамына кірдік. Нейрохирургиялық қоғамдастықтардың бүкіләлемдік федерациясы, Нейрохирургиялық қауымдастықтардың еуропалық ассоциациясы, Нейрохирургтардың азиялық конгресі сияқты ірі нейрохирургиялық бірлестіктердің толыққанды мүшесіміз. Дүние жүзіне танымал нейрохирургияның майталмандары өздерінің қатарына қосуға жақсы ықпал жасады. Олар менторлық бағдарламаның шеңберінде біздің жас мамандарды оқытып, олардың біліктілігін арттыруға үлкен үлесін қосты.

Екіншіден, Ұлттық нейрохирургия орталығында «Неврология және невропатология» кафедрасы бар. Онда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесі үшін заманауи, жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандар даярланады. Әрине, мұндай мамандандыру тек қана тәжірибелі, осы саланы толығымен меңгерген мықты, білікті ұстаздардың көмегімен жүзеге асады. Бұл жердегі оқытушылардың қызметіндегі басты бағыт диагностиканың күрделі әдістерін тануға және науқастарды хирургиялық емдеуге, заманауи аппараттар мен аспаптарды меңгеруге, соңғы озық медициналық жетістіктерді білуге бағдарланған. Осылайша, қазіргі таңда орталықта 64 резидент оқытылды, оның ішінде «Нейрохирургия, оның ішінде балалар нейрохирургиясы» мамандығы бойынша 47 маман және «Неврология, оның ішінде балалар неврологиясы» мамандығы бойынша 17 маман оқытылды. Бірақ сөздің шыны керек, менің ойымша, жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасын жаңартып, әсіресе, соңғы оқу жыл бағдарламаларын жандандырып, түбегейлі оң өзгерістерді енгізу қажет.

Қоғамда енжарлық, тоғышарлық, масылдық секілді келеңсіз көріністер жиі белең алған шақта, еңбек етуге және сол арқылы игілік пен абыройға жетуге ынта мен жігер азайған тұста еңбек адамына құрмет ерекше болуы тиіс. Жастарға тәрбие берудің басты құралы ретінде еңбек идеясын ілгерілету қажет. Білімді ұлт. Терең білім. Еңбекқорлық және отаншылдық қасиет қана келешегімізді кемел, болашағымызды бағдарлы етпек. Ендеше еңбек адамдарын танымал етуді қайта бастап, олардың рөлі мен қоғам үшін маңызын арттыратын уақыт келді. Шынайы еңбекті мемлекеттік жаппай насихаттау мен насихаттауда объективті қажеттілік пісіп-жетілді.

> Қоғамда енжарлық, тоғышарлық, масылдық секілді келеңсіз көріністер жиі белең алған шақта, еңбек етуге және сол арқылы игілік пен абыройға жетуге ынта мен жігер азайған тұста еңбек адамына құрмет ерекше болуы тиіс. Жастарға тәрбие берудің басты құралы ретінде еңбек идеясын ілгерілету қажет. Білімді ұлт. Терең білім. Еңбекқорлық және отаншылдық қасиет қана келешегімізді кемел, болашағымызды бағдарлы етпек

Ақтөбе медицина институтын – қазіргі М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина академиясын 1975 жылы бітірген Серік Қуандықұлы 1976-1981 жылдары Ақтөбе облысы ауруханасында қатардағы нейрохирург, 1981-1989 жылдары Мәскеу нейрохирургия ғылыми-зерттеу институтында клиникалық ординатор, аспирант, 1989-1992 жылдары Алматыдағы дәрігерлер білімін жетілдіру институтында нейрохирург, 1996 жылдан сонда кафедра меңгерушісі болды. Сонымен бірге 1992 жылдан Денсаулық сақтау министрлігінің бас нейрохирургі ретінде қызмет істеп, қатардағы қарапайым дәрігер ретінде еңбек жолын бастаған ол «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын иеленіп, еліміздің медицинасындағы көшбастар тұлғаға айналды. Серік Ақшолақов еңбегімен ел сыйлаған кісіге, беделі зор адамға айналды, барлығы оған осы үшін ерекше құрмет көрсетеді. Бедел еңбекпен, ерлікпен келетінін Серік Қуандықұлының жемісті қызметі, өнегелі өмірі көрсеткендей. Елі үшін де барын салып еңбектенген, шынайы еңбегінің арқасында ғана жетістікке жеткен, бұл күндері есімі ұлт тарихында алтын әріптермен жазылатыны анық.

Серік Қуандықұлы – қазір Астанадағы «Нейрохирургия ұлттық орталығының» басшысы, Халықаралық еуразиялық нейрохирургия академиясының академигі, медицина саласында топ жарған дәрігер-нейрохирург. Асқақ Астанадағы жаңа әрі заманауи орталық ашылғанға дейін жас маман талай асудан өтті. Жалынды жастық шағын оқуға, білім игеруге арнады. Студент кезінде өзін шақырған А.Коноваловтың жанында болып, 15 жыл тәжірибе жинады, танымал ғалымның жетекшілігімен докторлық жұмысын қорғады. Ең алғашқы өзінің күрделі операциясын да Ақшолақов Мәскеуде жасаған еді. Ол Қазақстан медицинасының қарыштап дамуын тәуелсіздікпен және Астанамен тікелей байланыстырады. Оның басқаруымен Астанада ең бір заманауи клиника салынды. Адамдарға өмір сыйлап отыр. Отандық медицинаның дамуына, қазақстандық білікті мамандардың да көптеп шығуына орасан зор үлесін тигізді. Ақшолақов секілді жоғары білікті мамандардың арқасында ұлт саулығының деңгейі де жоғары деңгейде қамтамасыз етілуде. Еңбекпен осындай биік дәрежеге талмай жетті. Еңбек адамының эталоны десек те болады.

**– Сіз басқаратын орталықта күрделі операциялар жасалады. Шынында да, көп адам ауруын жасырғысы келетіні рас. Дер кезінде алдын ала емделгеннің нәтижесі өте жақсы болатынын ескермейді. «Әлі де біздің халықтың денсаулыққа көзқарасы төмендеу» деп едіңіз ілгеріде берген бір сұхбатыңызда. Күрделі операциялардың қаншасы көңілге сенім ұялатады, қауіпті аурудың алдын алудың жолдары бар ма?**

– Иә, расымен, соңғы жылдары халқымыздың денсаулыққа деген көзқарасы өзгеріп келе жатыр. Қазіргі күні облыс аймақтарында МРТ, КТ диагностикалық аппараттар көбейді. Халқымыз дәрігерлердің көмегіне жиі жүгініп, сырқаттарына зейін қоя бастады. Негізі, бұл – жақсы тенденция, себебі аурудың алғашқы белгілері пайда болған сәтте ем қабылданса, науқастың тез айығып кетуіне үлкен мүмкіндік болады. Сонымен қатар аурудың да, оталардың да саны көбейіп жатыр. Мұны, әрине, диагностиканың жақсы болғанымен және халықтың денсаулыққа деген жауапкершілігімен байланыстыруға болады. Тағы бір айтатын жайт, жоғарыда айтылған гамма-пышақты осындай жаңа басталып келе жатқан, кіші көлемдегі бас ми ісіктеріне қолданған жағдайда, көрсетілген емнің нәтижесі өте тиімді болады. Халық денсаулығы – ел қазынасы. Сол себептен осындай жиі насихаттау жұмыстарын тек дәрігерлер ғана емес, бұқаралық ақпараттар құралдары мен биліктегі құзыретті адамдар мен саясаткерлер, қоғам қайраткерлері – барлығы да бірлесе жұмыс істеген жөн.

**– Ми тамырларына жасалатын операциялар қымбат тұрады. Олардың құны мемлекет тарапынан төленеді. Орталықта қарапайым адамдардың қаралуына жағдай жасалған ба, квота ала алмаған азаматтар, тұрмысы нашар тұрғындар жеңілдікпен қандай көмек ала алады? Ауру дендеп, үмітсіздік жайлағанда бас тартқан оталарыңыз болды ма? Бар болса, неге? Нейрохирург неден қателеспеуі керек?**

– Біздің орталықта Қазақстан азаматтарына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде науқастар нейрохирургиялық ем алады. Жыл сайын 4000-нан астам науқас жоғары дәрежелі тегін нейрохирургиялық көмек алады.

Әрине, дәрігердің қателесуге ешқандай хақысы жоқ. Өйткені әрбір отаның алдында біреудің өмірі қыл үстінде тұрады. Дегенмен кейде дәрігерге ғана байланысты болмайтын жағдайлар да кездеседі. Науқас дәрігерге уақытында қаралмай, ауруды асқындырып алған жағдайлар болады. Сондықтан ота кезіндегі әртүрлі асқынуды болдырмау үшін әрбір жағдай бойынша клиникалық талдау жасалады. Көбінесе жағдайға байланысты кішіинвазиялық оталарды қолдануға тырысамыз. Әрине, егер науқастың жағдайы күрделі болып, өміріне қауіп төндіретін жайт болса, ондай жағдайларда өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған паллиативті ем қолданамыз. Ең бастысы, емдеу барысында науқасқа зиян келтірмей, жасаған ем кері әсерін бермеуі қажет. Бұл туралы әлемге танымал британдық нейрохирург Генри Марш өзінің «Зиян келтірме» деген кітабында жазған еді.

**– Ұлттық нейрохирургия орталығы ұлт медицинасының драйвері бола ала ма, ел медицинасын ілгерілетуге не кедергі болып отыр?**

– Отандық медицинада кенжелеу дамыған саланың бірі нейрохирургия болғандығы белгілі. Бірақ тәуелсіздік алғаннан бергі уақыттағы жеткен жетістіктер ауыз толтырып айтарлықтай. Осы уақыттың ішінде елордамызда заманауи Ұлттық нейрохирургия орталығы ашылып, қажетті мамандарымыз шетелде білім алып келді, әлемдік стандарттарда қолданылатын жаңа технологиялар енгізілді, мұның бәрі Үкімет тарапынан болған үлкен қолдау деп білемін.

Әр адамның кәсіби тұрғыда өзіне қойған мақсаты болады. Менің мақсатым адамдарды емдеу болғандықтан, өзімді саясатта, яки саясаткер ретінде көрген жоқпын. Дегенмен де бұл қызмет елдің, ұлттың мүддесін ойлайтын, қоғамдағы күрделі мәселелерді шеше алатын өте мағыналы да маңызды екенін атап өту қажет. Орталықтың ашылуына және қызметімнің ілгері басуына, дамуына бар жігер-күшімді, жан-тәнімді салуға аянбадым. Өзім нейрохирург дәрігері болғандықтан, өмірімді осы білімге, осы жолға арнадым. Өз ісімді әрі қарай жалғастыруға, нейрохирургия саласының әлі де үлкен жоспарларын, жемісті істерін жүзеге асыруға қажырымды бағыттағаным жөн. Адам қандай да бір мамандық иесі болмасын, адамгершілік пен өз саласында кәсіби біліктілікке ие бола алғанда ғана биік жетістіктерге қол жеткізеді.

**Сұхбаттасқан**
**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

# АСТАНАЛЫҚ САЯХАТШЫНЫҢ АРМАНЫ



Әлемнің 72 елін аралаған елордалық саяхатшы, блогер Яков Федоровтың жиһанкездігі 2011 жылы әуелі Қазақстан қалаларын аралаудан басталған. Блогерлікке де сол жылы кірісті. Туған жерінің ой мен қырын тегіс аралап, өз Отанының ең көрнекі жерлері туралы блог жүргізді. Осылайша өз елін жете таныту арқылы қазақстандықтарды біріктіру деген ұлы миссияны алдына қойды. Кейін достарымен бірге өзі сияқты ел азаматтарына қазақ тілін үйретудің оңтайлы жолын ұсыну үшін «Менің елім – менің тілім» қозғалысын құрды.

12 жылдық саяхатшылық өмірінде ол планетамыздың ең танымал орындарынан бастап ешкім естімеген ең бір қуыс-қуысындағы шалғай жерлеріне дейін аралаған. Енді қазір әлемнің қай нүктесіне барса да travel-блогерді бәрі танып, әсіресе қазақстандық жерлестері қазақы қонақжайлылықпен құрметтеп қарсы алып жатады. Сондықтан Яков алдынан құшақ жая қарсы алатын жерлестерің бар жер бетіндегі кез келген қала ыстық, жайлы, бұрыннан таныс мекенге айналады деп санайды.

– Мәселен, Лос-Анджелеске келгенімді әлеуметтік желідегі суреттерім арқылы көріп, білген бойда сонда бірі оқуда, бірі іссапарда жүрген немесе сол қалада тұратын жерлестер маған бірден хабарласады. Кез келген қала сондағы адамдардың пейілі арқылы тартымды бола түседі. Сол тартымдылық «өзіміздікілерді» көрген бетте артып, жат қаланы тосырқау, белгісіздік жоғалады. Қай жерге барсам да қазақстандықтарды тауып аламын. Тіпті Африкада – Руандада, Кенияда да жерлестеріміз бар. Олар маған жол көрсетіп, ең көрнекі орындарды аралатқызады, – дейді блогер-саяхатшы.

### ШЕТЕЛМЕН САЛЫСТЫРҒАН ЖӨН БЕ?

Бізде қит етсе болды кез келген проблеманы шетелдегі өмір сүру деңгейімен салыстыратындар көп. Ал шындығында кез келген елдің өз кемшіліктері мен артықшылықтары бар. Бір елге турист болып барғанда, сол елдің ең керемет жерлерін ғана көресің, ал көлеңкелі жақтарына бармайсың. Сондықтан өзгелермен салыстыра отырып, өз еліңді төмен санау дұрыс емес. Осындай пікірдегі Яков саяхатшы барған елі мен Қазақстанның айырмашылығын емес, көбіне ұқсастықтарын көп айтып, насихаттайды. Себебі ұқсастықтар адамдарды біріктіреді.

– Біз бірде жабайы Эфиопия тайпаларының арасында болдық. Олармен аудармашы арқылы сөйлестік. Олардың бірі маған: «Сіз біздерді жабайы, өркениеттен жұрдай деп санайсыздар ғой. Мысалы, менің ұлым үйлену үшін өгіздердің арқасында шалқалай жалаңаш жатып, үш рет жүгіріп шығуы керек, соның өзі бізді жабайы деуге жеткілікті. Алайда біздің мақсатымыз – болашақ ұрпағымызға ата-бабадан келе жатқан өз жолымыз бен дәстүрімізді үйретіп кету» деді. Олар қатал дәстүрімен балаларын қатал өмірге дайындайды. Африканың Руанда деген еліне ұшып келгенде коронавируспен ауырып қалып, карантинге жабылдым. Бұл елді қазір африкалық Сингапур деп атайды. Швейцариядан да таза, тұмса табиғатының сұлулығы бұзылмаған ел. Жергілікті тұрғындар өзін ғана емес, айналасындағыларды да ойлап тұрады. Орталық базардың маңынан бірде-бір қоқыс таппайыз. Мінсіз тазалық сақталған, алайда қалада бірде-бір қоқыс жәшігі жоқ, – дейді ол.

### ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРТАҚ ТІЛГЕ АЙНАЛДЫРУ

Яков қазақ тілін үйренуде қолданыстағы әдістердің тиімсіздігін түсінеді. Себебі ол әдістерде орыс тілділер тіл үйрену барысында кезігетін маңызды мәселелер қарастырылмайды. Сөйтіп ол өзі сияқты мемлекеттік тілді үйренгісі келетіндер үшін «Менің елім – менің тілім» қозғалысын құрады.

– Ауылға бірнеше ай барып тұрсаң, қазақша тез үйреніп кетесің деген стереотип бар. Алайда бұл соншалықты дұрыс тұжырым емес. Қазақ тілін жетік білетіндерден тілді қалай меңгеруге болатынын сұрасаң, олар тілді түйсікпен үйренуге болады дейді. Алайда мен қазақ тілді ортада өспегендіктен, олай үйрене алмаймын. Сондықтан маған тілдің логикасын түсіндірген жөн, – дейді Яков. Осылайша өзі сияқтылармен бірге қазақ тілін кеңінен насихаттауға көшкен ол тілді тез үйрену жолдарын да зерттеді. Қазақ тілді ортаға араласып, қазақша сөйлеуге талпынды.



– Мен қазақша үйрене бастағанда ғаламторда қазіргідей түрлі қаптаған курстар, әдістер болған жоқ. Кішкентай балалар басында тыңдап, сосын сөйлей бастайды ғой. Мен де солай көп тыңдай бердім. Сөйтіп сөздік қорым толыға бастады. Достарым да талпынысымды байқап, көп көмектесті. Қазақша газеттерді жиі оқып, терминдермен таныс болғанмен, күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым сөздерді білмейді екенмін. Қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, орыс тілінің грамматикасын білмей-ақ қасындағы адамға ойыңды жеткізуге болады. Ал қазақ тілінде бұл жағы қиындау, грамматика негіздерін білуің керек. Алдымен досым, филолог, оқытушы, қазақ тілін жетік біліп алған Владислав Тен екеуміз бейнекурстар жаздық. Қазақ тіліне деген сұраныстың артқанын байқадық. Тілді қоғамды біріктіретін фактор ретінде қалыптастыруды көздедік, – дейді тіл жанашыры.

Жақында олар «Жастар рухы» жастар қанатымен бірге Астанада «Сөйле!» деп аталатын қазақ тілінде сөйлеу клубын ашты, артынан сондай клубтарды Қазақстанның 12 қаласында ашып, қазақ тілін үйренгісі келетіндерге тегін қызмет көрсетуде. Клуб жұмысы волонтерлер қызметі арқылы жүргізіледі. Тілді жетік білетін барлық еріктілер шақырылады, клубта олар оқытушылыққа дайындалады. Мұнда қазақша сөйлеуден қысылатындарды күлкіге айналдырмай, керісінше, қатты қолдау көрсетіледі.

– Мәселен, Америка Штаттарына барсаңыз, әрбір бесінші адам сіздің ағылшыншаңызда акцент қатты байқалып тұрса да, сізді мақтап, көкке көтереді. Талпынысыңызды қолдайды. Біздің клубтың да мақсаты сол, тіл білуге тырысқандарға барынша қолдау көрсету. Қазір клубтарымызда тіл үйренгісі келетін жастар да, зейнеткерлер де көбейіп келеді. Жастарға тіл үйрену оңай, ал өмір бойы өзге тілде сөйлеп келген ересектер жағына тіл сындыру қиындау тиеді. Астанадағы клубты 17 жастағы студент қыз жүргізеді. Жас та болса мықты филологтардан білімі кем емес. Клубтарға 16 жастан жоғары барлық азамат келе алады. Бүкіл қалалардағы топтарымыз қазақ театрларына барады. Театрға бару арқылы да тілдің құнарын санаға сіңіре бересің, әсіресе қазақ тілі сияқты ең бай тілді солай үйренуге болады. Осылайша біз қазақ тілін үйретудің айналасында өзге де құндылықтарымызды дәріптеп жүрміз, – дейді Яков Федоров.

Халықаралық туризм этникалық ерекшеліктерге қарай құрылады. Шетелдіктер Қазақстанға зәулім ғимараттарды көру үшін емес, бірінші кезекте ұлттық өнер мен мәдениетімізді қызықтап, тамашалау үшін келеді. Сондықтан блогер-саяхатшы Қазақстанға келген әрбір турист осы елдің тілі мен дәстүрін құрметтеп, сыйлап тұратындай жағдай жасауымыз керек деп санайды. Ол үшін Қазақстанда тұратын әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеріп, туған жерінің қадіріне алдымен өзі жетуі тиіс.

**Наиля АБДУХАЛИКОВА,**
**Райхан РАХМЕТОВА**

---

# БАҚЫТЖАННЫҢ БАСПАЛДАҚТАРЫ

Сексенінші жылдардың басы болар деймін, менің сол кезде «Госкомиздат» деп аталатын құзырлы мекемеде қызмет істеп жүрген кезім болатын. Кеңес өкіметінің кезі ғой. Ол кезде ұжымдарды қайда істесең де облыстарға ауыл шаруашылығы жұмысына жіберіп отыратын.

Қоңыр күздің қалың ортасы болатын. Мен мекеменің бір топ қызметкерімен, сол кездегі Алматы облысына (осы күні Жетісу) баратын болып белгілендім. Бас-аяғымыз жиналғаннан кейін белгіленген күні жолға шықтық. Қолғабыс жасауға жұмылғандардың саны жеткілікті екен. Есебі – бірнеше автобус. Әр мекеме бір-бір автобус иеленген. Біздің Баспа комитетінен 10-15 адам бөлінген екенбіз. Автобусқа отырып жолға шықтық. Жолда қала сыртынан күтіп тұрған тағы 4-5 автобус қосылды. Осыншама адам сол кездегі Сарыөзекті көктей өтіп, Панфилов ауданының орталығы – Қоғалыға қарай қозғалдық. Жолда біраз елді мекенді басып өтіп, ақыры сол ауданның «Бостан» деп аталатын ауылына ат басын тіредік. Жол бойына кісі тиеген біраз автобус әр ауылда қалып жатты. Діттеген жерге жеткен соң, көліктегілер бір жерге бас қосып жинала бастады.

Бұл ауылға бірінші рет келуім еді. «Ешкімді танымаймын ғой, енді қайда барсам екен?!» деп дағдарып тұрғанымда, қарсы алған басшылардың бірі бас-аяғымызды жинақтап, бір үлкен жатақханаға жеткізді. Жатақхана дегенім бұрынғы клуб па, үлкен кең үйлерден тұратын дарбаза болып шықты. Бір кезде біреу: – «Ассалаумағалейкүм, Секе! – деп сәлем беріп, қолын ұсынды. Кім екенін болжап білгенімше, бірден Бақытжан екенін білдім. Бақытжан Тобаяқов, бөгде жерде нақ туысымды тапқандай қуанып кеттім. Құшақтасып жатырмыз.

– Бұл жақта нағып жүрсің?

– Мен де сіз сияқты жұмысқа келдім, қасымдағылар мына автобуста отыр. Қазір түседі, бәріміз бір жатақханаға орналасатын болсақ керек.

Мен әлде де тосаңсып: «Болса да ауылға әкелген соң неге үйлерге түсірмеді екен» деп жатақханаға көңілім толмай тұр еді. Бақытжан бірден: – Қысылма, Секе, бұл Бостан деген менің ауылым, менің туған үйім де осы жерде, – деп бір ескі үйдің орнын нұсқады.

– Жүр, көрейік! – деппін мен, әлде де сенер-сенбесімді білмей. Біз ескі қыстаудың орнына келдік. Үй орнында қаулап шөп өсіп кеткен. – Менің әкем осы ауылға басшы болып келген екен, мен сонда туыппын – деді Бақытжан. – Біз, негізі, Қарқаралы жағының қазағымыз. Ертеде көшіп келген екенбіз. Әкем Ошақбай осы өлкеде бірнеше колхозды басқарған. Кейін Алматының түбіне көшіп барғанбыз.

Әрі қарай жөн сұраса келіп, Бақытжанның бабасы баяғы Құнанбайды көрген Жанақ ақын – заманында белгілі болған адам. Оның Абайдың әкесі Құнанбаймен тұстас, поляктің жиһанкезі – Янушкевичпен кездескені тарихтан белгілі. Сөйтіп, сол күннен бастап Бақытжан екеуміз ағалы-інілі болып араласып кеттік. Әлі күнге дейін Алматыда да, кейін Астанада да жұбымыз жазылған жоқ, араласып тұрамыз. Сөйтіп көп ұзамай «картоп шаруашылығына» кірісіп кеттік. Жұмысымыз – картоп жинау. Бостанның картоптары өнімді, көпшілікке өтімді тауар екен.

Бас-аяғы бір айдай жүрдік. Жұмысымыз да абыройлы болды... Жинаған картобымызды арнайы машинаға тиеп, қасындағы «Калинин» совхозының базасына жеткіземіз. Сондай сапарда Бақытжан мені өзінің дос ағасы Нұрсерік Ескендіров деген жігітпен таныстырды. Ол сол совхоздағы орта мектептің директоры екен. Бір күні үйіне апарып, шай іштік. Содан араласа келіп Нұрсерік екеуміз әбден дос болып кеттік. Нұрсерік бізді облыс орталығы – Талдықорғанға бірнеше мәрте алып келді. Талай үйде қонақ болып, серілік күндеріміз көп болды.

...Мектепті алтын медальмен тәмамдаған Бақытжан 1973 жылы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетін бітіреді. Алғашқы қадам – еңбек жолын Өскемен жылу-электр орталығында жұмысшы болып бастайды. Содан соң республикалық «Қазтехэнерго» кәсіпорнында инженер болып істеп, қазіргі Атырау, Павлодар, Алматы жылу-электр орталықтарында қазандықтар мен турбогенераторларды іске қосуға, энергоблоктардың автоматикасы мен өлшеу аспаптарын баптауға қатысады.

Жетпісінші жылдарда Бақытжан қазақтың энергетика ғылыми-зерттеу институтының плазмалық энергетика зертханасына шақырылып, біраз жыл абыройлы қызмет атқарады. Сол кезеңде Алматы теміржол институтында жылу энергетикасы негіздерінен дәріс береді, плазма техникасы мен ауа ағындарының аэродинамикасын зерттеп, бірнеше ғылыми мақала шығарды, плазматрондарды іске қосып, олардың жаңа буындары бойынша тың жетістіктерге қол жеткізді. 1986 жылы «КСРО өнертапқышы» атағына ие болды.

Көп жылдар Қазақ энциклопедиясында ғылыми қызметкер, сондай-ақ «Білім және еңбек» журналында ғылым және техника бөлімін басқарды. Осы жылдарда ол қазақ халқының озық ойлы ұлдары Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, Е.Бөкетов, Ш.Шөкин, Ш.Есенов, А.Машанов туралы құнды зерттеу-ғылыми эсселер жазды.

Жоғары Кеңестің тұңғыш органы «Халық кеңесі» газетін ұйымдастырушылардың бірі болды. Газет жабылғанға дейін экономика бөлімін басқарды. Одан кейін қаржы-бақылау комитетінде, Алматы қалалық тіл басқармасында жауапты қызмет атқарды. Бақытжан Тобаяқов ұлттық энергетикалық «KEGOC» компаниясында аударма бөлімін басқарып, Қазақстан энергетикасының дамуы жолындағы проблемалық мақалалар жазып, жаңа кітаптар сериясын шығаруда.




Ақындығына келсек, республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты, бірнеше жыр мүшәйраның жеңімпазы.

Менің бұл жайларды тәптіштеп, баяндап отырған себебім, жетіп-піскен шағында інімнің еңбегін өзінің туған елі, Сарыарқа, Көкше өңірінде тұратын ағайындары, оқырмандары тереңірек білсе екен деген тілек еді. Ендіініме деген жыр-лебізімді тарту етейін:

*Алыс сілтеп құрығын,*
*Жолын қуған ұлының,*
*Аямаған елінен*
*Білімі мен білігін –*
*Бақытжан деген бір інім.*

*Туған жері – Бостан-ды,*
*Көп жинаған достарды.*
*Елжіретер жүректі,*
*Еске алғандай ескі әнді.*

*Жетісудан екенін,*
*Ардақтаған мекенін.*
*Ақындығы басып тұр,*
*Энергетик екенін.*

*Біле бермес жұрт әлі,*
*Талдықорған бір талы.*
*Арғы түбін зерттесең,*
*Жанақ ақын ұрпағы.*

*Қаздауыстың үнінен,*
*Тәттімбеттің күйінен.*
*Тарап жатқан еліңе,*
*Өрлігіңе сүйінем.*

*Ал, Бақытжан!*
*Жан інім –*
*Дара туған дарыным.*
*Басылмасын арының,*
*Аямасын Тәңірім,*
*Бұл дүниенің жарығын!*

**Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ**

# ҮЗДІК АУЛА ЖИНАУШЫ

«Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Сондықтан, біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында осылай дегені есімізде. Расында да, қуатты елдің діңгегі – халық болса, кәсібилік пен еңбекқорлық қашан да жоғары орында тұруы керек.

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Айналамыздың айнадай болуына айрықша үлес қосып жүрген жандардың еңбегі кейде еленіп, ескеріле бермейді. Олардың мерейін өсіру мақсатында елордада жыл сайын жұмысшы мамандар арасында байқау өткізу дәстүрге айналған. Байқоңыр ауданында ұйымдастырылған осындай шараның биылғы жеңімпазы Нұрлан Рамазанов – «Ең үздік аула сыпырушы» номинациясының жүлдегері.

Ол Кенесары көшесіндегі 45-үйдің аула сыпырушы болып жұмыс істейді. Таңмен таласа тұрып, балалар сабаққа, тұрғындар жұмысқа шыққанша ауланы мұнтаздай етіп қоюға тырысады. Табысын маңдай термен тауып, жанын салып жұмыс істеп жүрген, көп сөзге жоқ, еңбекқор жанды маңайдағылар тегіс жақсы біледі. Жай танып қана қоймайды, тындырымдылығы мен тиянақтылығы үшін жақсы көретіндер де бар.

Әдетте көпшілігіміз аула сыпырушы дегенде, қалай болса солай киініп алған, қолы-басы май-май, кір-қожалақ ебедейсіз бір бейнені көз алдымызға елестетеміз. Жасыратын несі бар, мен де сондай пікірдетінмін. Кезекті кейіпкеріммен кездесуге келгенде, бізді мұнтаздай таза, ұқыпты киінген, орта жастардағы ер адам қарсы алды. Өзін «Мен осы үйдің аула сыпырушысы Нұрлан Рамазановпын» деп сыпайы таныстырды. Таңырқағанымызды сезіп қойғандай, сұрағымызға тосылмай, бірден әңгімені жалғай жөнелді.

– Жасымнан тазалық пен тәртіпті жақсы көремін. Айналамды жинап жүруді асырап алған ата-анамнан үйрендім. Өзім балалар үйінде өстім. Ол жерде де көргенім – тек тазалық пен тәртіп. Бүгінде әкем де, анам да көз жұмған. Тірісінде берген тәлім-тәрбиесінің арқасында осындай болып ер жеттім. Мені тазалыққа, табандылыққа, адал еңбек етуге баулыған ата-анама алғысым шексіз. Үнемі осылай жүремін, тіпті аула сыпыруға шыққанда да ешқашан қолыма түскенді кие салмауға тырысамын. Ұраным: Еңбек – бәрін де жеңбек! Қандай кәсіппен айналыссам да, оны сапалы атқаруға жанымды саламын. Бәлкім, байқауда жеңіске жеткенім де осы өмірлік ұстанымның арқасы шығар, – деді Нұрлан Рамазанов.

Содан соң ол өзінің Степногор қаласында туып-өскенін, негізгі мамандығы ағаш ұстасы екенін, 1990-жылдары Кеңес Одағының күйреуімен талай кәсіпті ауыстыруға тура келгенін, қысқасы, осы күнге жеткенге дейін бастан өткергендерін қысқаша баяндап берді. Енді бүгін балалар ойнайтын алаң мен аулаларды таза ұстап, жол жиектерін жөнге келтіру, гүлзарлар мен көк шалғынды тегістеп қырқу, әйтеуір күні бойы бітпейтін бір қым-қуыт тірлік оның мойнында. Күн жылынып, қар ери бастағалы ауланы қыстан қалған күл-қоқыстан тазартады. Жаз бойы адамдардың бос кездерінде таза ауада тынystauына барынша ықпал етуге тырысады. Күз келе жерде төгіліп жатқан жапырақтарды жинаумен айналысады. Кез келген аула сыпырушы үшін ең ауыры – қыс мезгілі. Әсіресе, қар көп түскен күндері уақытпен санаспай жұмыс істейді. Дер кезінде тазалап тастамаса, сәл жатқан қар қатып, мұз болады, оны ою да оңай емес. Сондықтан түскен қарды мезетінде шығарып, тазалап тастауды әбден әдетке айналдырып алғанын жасырмады.

Басшысының айтуынша, Н.Рамазанов жұмыс істеген уақыт ішінде өзін тек жақсы жағынан көрсетті. Жұмысқа уақытымен шығады, жауапкершілігі өте жоғары, тапсырылған аймақ үнемі тап-таза.




Тұрғындар тарапынан ешқандай шағым түскен емес.

Аула сыпырушының жұмысына тұрғындар да дән риза. «Байқауда басқа аудандардан озып шыққанымыз – аула сыпырушының адал еңбегінің арқасы. Ол жұмысына тиянақты, қай уақытта далаға шықсақ та, есіктің алды тап-таза болып тұрады. Бұл кімге болса да жақсы. Сол үшін бұл кісіге ризамыз» дейді тұрғындар.

Әсіресе, сенбі, жексенбі күндергі демалыстан кейін аула күл-қоқысқа толып кетеді емес пе?! Ондайда ашуды ақылға жеңдіріп, сабырмен жұмысын жалғастырады. Сонымен бірге үздік аула сыпырушы тазалықты әркім өзінен бастауы керектігін, өзін сыйлайтын кез келген адам өзгенің еңбегіне де аса зор құрметпен қарайтынын алға тартты.

– Ауланы тазартып, айналаның тап-таза болғанын көргенде, көзім қуанады. Айналамыз таза болса, адамдардың көңіл-күйі де жайлы. Кейде екі күн демалыстан кейін аула ыбырсып, жұрт қоқысты қалай болса солай лақтырып кете береді. Әрине, мұндайда бәрін қалпына келтіру оңайға соқпайды. Дегенмен, біраз күш жұмсаймын, тез арада жөнге келтіріп қоямын. Адамдар бір-бірінің еңбегін бағаласа қандай жақсы болар еді, – дейді Нұрлан Рамазанов.

Расында да, кейде осы қала тазалығына жауапты адамдардың еңбегін елеп, бағалай бермейтініміз бар. Өкінішке қарай, бізде осылай. Ал шетелде ше? Мысалы, Жапонияда аула сыпырушы деген ең құрметті қызметтің бірі. Өйткені ол қызмет иелерінің арқасында жапон халқының даму деңгейі мен мәдениетін әлем халқы білетін болады деген түсінік бар. Қаншалықты аула сыпырушы өз қызметін жақсы атқарса, соншалықты қала таза. Демек туристің де «таза Жапония» жайлы ойы қалыпты болады деген сөз. Сол үшін де олар ай сайын аула сыпырушыға 2200 доллардан жалақы береді. Тіпті, Жапонияда көптеген компания басшылары өз компанияларының алдын өздері сыпырады. Оны бір жағынан жаттығу санаса, екінші жағынан, тазалықты өздері тікелей қадағалауды ұнатады. Әрине, ондай компанияларда аула сыпырушылар да қызмет етеді.

Шын мәнінде аула сыпырушылардың қала тазалығына тигізер пайдасы зор. Сондықтан таң атқаннан тырбанып, ақша үшін емес, жанын салып, жауапкершілікті сезініп жұмыс істейтін жандар шынымен де көптің құрмет-қошеметіне лайық-ау.

# МАС КҮЙІНДЕ КӨЛІК ЖҮРГІЗГЕН

Астанада мас күйде көлік тізгіндеген 450-ге жуық жүргізуші жазаланды. Тәртіп сақшыларының айтуынша, бұл жағдайда құқық бұзушылар ҚР ҚК-нің 346-бабы 1-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады, оның санкциясы 5 жылға дейінгі мерзімге шектеуге не бас бостандығынан айыруға әкеп соғады.

Коммуналдық тұраққа 1300-ден астам көлік қойылды. Статистикаға сәйкес, жыл басынан бері 42 мыңнан астам жол қозғалысы ережелерін бұзу анықталды. Өткен жылдың ұқсас кезеңінде елордада 37 мыңнан астам жол қозғалысы ережелерін бұзу тіркелген. Елордада апаттылықты азайту, жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзушылықтардың, мас күйінде көлікті басқару фактілерінің жолын кесу бойынша шаралар күшейтілді. 2022 жылдың сәуір айынан бастап елордада ІІМ «Qorgau» жол қозғалысын бақылаудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылды, ол арқылы полицейлер күн сайын тәртіп бұзушы жүргізушілерді анықтайды. Жол қозғалысы ережелерін бұзушылар туралы ақпарат қызметкерлердің планшеттеріне тікелей түседі, бұл автомобильдерді тез анықтауға мүмкіндік береді. ІІМ «Qorgau» мобильді қосымшасы іске қосылғаннан бері 28 мыңға жуық жүргізуші әкімшілік құқық бұзушылық бойынша берешектері туралы хабардар етілді. Көлікті басқаруға куәлігі жоқ 1300-ден астам жүргізуші анықталды. Көлік құралын басқару құқығынан айырылған 312 жүргізуші ұсталды.

**Астана қаласы «Мәдениет басқармасы» ММ И.Есенберлин, 10 мекенжайында орналасқан Астана қ. әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК директоры бос лауазымына конкурс жариялайды.**

Театрдың шығармашылық, өндірістік, шаруашылық, қаржылық қызметіне басшылық, мүліктің сақталуын, тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, қызметінің саясаты, стратегиясын белгілейді.

Қаржылық, материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік, ұзақ мерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, жаңа, қайта қойылатын қойылымдарды шығаруды ұйымдастырады, білікті мамандармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдерін, тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау жөніндегі шараларды қабылдайды.

Шарттарды, мәмілелерді жасайды, қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасады, бұзады, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда театрдың мүддесіне өкілдік етеді.

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

**Жауапты болады:**

Қаржы-шаруашылық қызметіне, мүліктің сақталуы үшін.

Таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.

Оған ҚР заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

**Білуі тиіс:**

